

П И О Н Е Р



МАЙ

1956 ЖЫЛ
АЛМАТЫ

№ 5



САШАР

Отырып сәбиіммен самолетке,
Сәрі бір көтерілдік торғын көкке.
Жамылып таң мұнарын бұлдыраған
Қараймыз жым-жырт тыныш төңірекке.

Көтере таулар басын көк жиекте,
Бөленіп қызыл арай тұр жібекке.
Қадалып сәби соған көп қарайды,—
Шіркін, ол не ойлады екен сол минутте?

Соның бір көзді тартқан күші бардай,
Отыр ма әлде нені түсіне алмай?
Таңырқау тұрпатынан байқалады,
Сәулесін санасына түсіре алмай.

Күн шығып ұясынан сепкенде нұр,
Құбылды жер беті де қып-қызыл гүл.
Жан-жаққа жалпағынан жая салған
Кілем бе қыйлы жолақ, немене бұл?

Немесе, сонау алыс көк төрінен
Көкпеңбек теңіз көрдік төңкерілген,
Ар жағы әлде қайда жатыр жалғас,
Ақ белдеу бұлттарменен көмкерілген...

Қарайды сәби соған көп таңырқап,
Ойынан бірақ олар жатыр жырақ.
Жаутаңдап кенет маған бұрылады,
Кеткендей қапелімде жалғызсырап.

Түсті ме үйде анасы әлде есіне,
Өксіген ой тудырып кеудесінде?
Қызығып, күлімсірей көп қарадым,
Кінәсіз сүйкімді ерке бейнесіне.

Сұрадым: неге, көкем, күрсінесің?
Сабыр ет, саямызда кірсін есің.
Өмірдің ұлан-байтақ өрісі осы,
Кезінде өзің де әлі сүйсінерсің!

Әлгі бір әсем, баяу атқан таңша,
Санаңды бірте-бірте сәуле шалса,
Құшуға көңіл құсың ұмтылатын
Қыйсапсыз қызықтарың жатыр сонша!

Білмеймін, таптым ба оның ойын аңдып?
Шамасы болды ма екен оны ұғарлық?
Аңырып аузыма қарай-қарай,
Ақырын құшағымда кетті қалғып.

Ғ. Орманов.





ПИОНЕР

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 5

МАЙ

1956 жыл.

Айына бір рет шығады.

Шығуына 18 жыл.

КӨКТЕМ СЫРЫ

Хамит Ерғалиев

Тағы да көктем келді, тағы да өзгеше яғни өз жаңалықтарымен келді. Әрине, ағаш жапырағын жайса, сай-сала, үстірт, жота, жазық дала тегіс көгеріп күн көзі де қыстағыдан әлдеқайда жақын, тік жылжып, жылуын жерге мол сепсе, қарлы тау шындары алаңқы тартса — мұның бәрі жаңалық емес, жыл сайын қайталана беретін ежелгі құбылыс. Сырт көрінісіне қарап тұрсаңыз қала, қыстақ өміріне де жылдағы көктем тіршілігі қайта оралған секілді. Өткен көктем харекетінен өзгешелік жоқ-ақ, сыяқты көрінеді. Сонда да быйылғы көктемді «өзгеше жаңалықтарымен келді» дегенде мен елде болып жатқан ірі-ірі жаңа оқыйғаларға байланысты айтып отырмын.

Қалаға қараңыз. Әркім өз қаласына, оның әрбір көшесіне көз жіберсін, содан соң ойланып көрсін: былтырғы көктемде қай үйдің ірге тасы ғана қаланып жатқан еді?.. Енді ол қандай болған, оның ішінде кімдер бар? Мүмкін, оның ішінде тұрған адамдар шығар, әлде онда завод станоктары тұр ма? Әлде дәрігерлік мекеме ме немесе мектеп пе? Мүмкін ол балалар бақшасы не бір кино-театр үйі болған шығар. Қайсысы болғанда да бәрі бір. Біздің білетініміз, әрбір жаңа құрылыс ішінде жаңа от бары сыяқты жаңа өмір бар.

Далаға қараңыз. Әркім өз ауылының төңірегіне көз жіберсін, содан соң ойланып көрсін: былтырғы көктемде қай қырат соны жатқан қатқыл еді? Енді ол жерде не бар? Қос па, ферма қоралары ма, электрмен қой қырқатын не бір сыйыр сауатын үй ме? Тіпті ол жерден күздік қылтйып келе жатқан болуы мүмкін. Бәрі бір... Біздің білетініміз, әрбір еңбек сіңірілген жерде жаңа өмір, жаңа көктем бар.

Бәрі де—біздің бейбіт елімізде адам еңбегінің жемісі. Отанымыз жерінде көктем тіршілігі жыл сайын осы соны бір қызық құбылыстар байқатып отырады. Бәрін де құмарта көріп, бақылап қала бергің келеді.

Быйылғы көктемнің тарихи ерекшелігі бұларда ғана ма? Бізде уақыт озған сайын өмір көркейе, толыса беретіні заң. Сол себепті біз өз Отанымызды көктем елі деп атаймыз. Сол себепті жерді жасандыра, құлпытта беру біз үшін бүгін ашылып отырған жаңалық емес.

Балалар! Біз быйыл алтыншы бесжылдықтың бірінші көктемін қарсы алып отырмыз. Бүгінгі кезеңнің айырықша бөліп алып айтарлық сыйпаты, міне, осыған байланысты.

Өздеріңіз білесіздер, быйылғы көктем басында Отанымыздың жүрегі Москвада, Кремльдің Үлкен сарайында коммунистік партияның XX съезі ашылды. Съезд жұмысы екі жұмаға жуық жүрді. Оған партияның қалаулы өкілдері қатысты, бүкіл дүние жүзінде демократия мен социализм туын жоғары ұстаушы, жұмысшы қозғалысының ірі қайраткерлері келді. Оған сіздердің өкілдеріңіз де қатысып, екі ұлы революцияның туын әкелді, пионерлер коммунизмінің өзіне лайықты құрылысшысы болу үшін оқуда да, тұрмыста да өнегелі, көргенді болып өседі деп ант берді олар. Сөз арасында айта кетейін, кейбір сабақ білмейтін, тәртібі төмен, папасының данғой ұлын, мамасының ақ ерке, шаң тимес қызын пионерлер келеке еткенде съезд делегаттарының ду күлгені де естеріңізде шығар.

Туысқан Коммунистік партияның XX съезі планетамыздағы елдердің бір-біріне тиісіндей тату өмір сүруін, алып атом қуатын

адам қоғамын гүлдендіру мақсатына жұмсауды ең бірінші дәрежелі ұран етіп көтерді. Бұл ұран бүкіл адам баласының жарқын келешегі үшін аса қажетті. Келешекте жас ұрпақтар адамды өлтіру үшін емес, адамды құрметтеу үшін, адамды сүю үшін өсіп жетілуге тиіс. Біздер «соғыс» деген сөз ескіріп, мағнаны жоғалту үшін, яғни соғыс болмау үшін қызмет етеміз. Сол үшін оқып білім аламыз, еңбек етеміз.

Бейбіт еңбекте гүлденбек, бақытты өмір сүрмек бар. Алтыншы бес жылдың жоспары сол бейбіт еңбектің, бақытты тұрмыс кешудің жоспары. Ананың, баланың еңбек адамының, мүгедек адамның, кәрінің, жастың білімі аздың, білімі көп маманның — бәрінің тілегі, арманы осы жоспарда толық ескертілген. Сондықтан біз мұны ең алдымен адамға қамқорлық істеудің жоспары дейміз. Міне, осындай жоспарды біз быйылғы көктемде алып отырмыз. Сайып келгенде, бұл — күні ертеңі шындық, коммунизмнің шындығы. Өйткені, біздің партия екі айтып көрген емес: ол не айтса, сол іске асады. Осындай шындығы бар көктем ерекше болмай қайтеді?

Мен сіздерге цифрлар келтіріп жатпаймын. Осы мақаланы оқуға сауаты жеткен бала съезд материалын да оқый алады. Сіздер жалғыз-ақ мынаған назар аударыңыздар. Сіздер оқу бітіріп шыққанда жерде, көкте, теңізде, жер, су астында, тіпті планета аралықтарындағы ауасыз кеңістікте атом, электр қуатымен жұмыс істейтін боласыздар, бүгінгі жұмыс тәсілдерінің көбі ескіріп қалады. Еңбектің мұншалық жоғары сатыға көтерілген дәуірінде адамның өзі қандай болуы керек? Міне, жас достар, сіздер ең алдымен осыны ойлауға тиістісіздер.

Жасыратыны жоқ, әлі күнге шейін көптеген адамның санасында ескі ұғымның, әдет-ғұрыптың залалды сарқыншақтары бар. Еңбекке енжарлық, өтірік, өсек, мақтаншақтық, көрсетпей алғысы келіп тұратын сұғанақтық, баяғы тағы адамдар сыяқты, біреуге жұдырық жұмсау, рабайсыз балағат сөздер сөйлеу, бір-ақ рет берілетін тамаша өмірді

мас болып мағнасыз өткізу сыяқты толып жатқан адам жиркенерлік жайлар әлі түгел жойылып болған жоқ. Бұлардың өзі жұқпалы мерез де сыяқты. Міне, капиталистік қоғамнан қалған осы жұғымтал кеселмен күресу — ең бірінші міндет. Алма ағашты көктемде суық соғып кетпесін деп, үсік хаупі тұған күндерде, жарғақ құлағы жастыққа тимейтін бағбандар болады ғой. Жас жеткіншектер өздерін, өз жолдастарын жоғарыдағы жиренішті қылықтардан дәл солай қорғау шарт. Сонда ғана бүгінгі жас буындар коммунизм ғасырының өзіне лайықты қайраткері болып өсіп жетіледі, өмірін ешбір өкінішсіз өткізеді. Туысқан коммунистік партия біздің замандастарымыз, ұрпағымыз алдына осы міндетті қойып отыр. Көңілді тұрмыс, кең, жарық, таза үй, тағам молшылығы, әдемі, сапалы киім, жоғары білім, өндірістегі, жеке адам тұрмысындағы автомат бәрі-бәрі осы ұлы мақсатқа қызмет етеді, адамды коммунизмде өмір сүруге даярлайды.

Газет-журналдардың өзін-ақ, соның ішінде қазақстан баспасөзін де қол үзбей оқып, ай сайын болатын өзгерістерді бақылап отырыңыздаршы. Қайран қаласыздар: Жаңа завод, жаңа совхоз, жаңа мектеп, жаңа өзен жаңа жол, жаңа СЭС — ылғый жаңа, жаңа, жаңа болады да отырады. Өмір тура көктем сыяқты гүлдейді, шешек атады, сабақ оздырады, дән түйеді, тағы көктейді, тағы жетіледі. Ал, көктемде өмір сүру, оның жұпар ауасын жұта беру, шуағында сайрандау, шоқ-шоқ гүлін құшақтай беру қандай рахат! Оның мөп-мөлдір кең аспанына тоймай қарап тұра бергің келеді. Бейбіт тіршілікте көңілді сайраған құстар үнін, бұлақ сылдырын, жапырақ сыбдырын тындай берсем-ау, бәрінің тілін ұғып алсам-ау дейсін де тұрасың.

Адамның өзі көктем: ол көктемек үшін туады. Адам қоғамы да табиғат көктемі сыяқты мәңгі гүлдей береді, солу дегенді білмейді. Мен сіздерді мынау май айының маутартқан шағында адамзат көктемінің мәңгі шуағымен құттықтаймын, жас достар! Өнер-білімнің, адамгершіліктің, таланттың биік шыңына құлаш ұра берейік!



Ленинге хат

Гавриил Кунгуров.

Әңгіме

(БАСЫ 4-НОМЕРДЕ)



.. Түн. Жұлдыздар жымың қағады. Таудың арғы бетінен ай баяу жүзіп шығып келеді. Толы өзенінің жағасындағы жалғыз лашық қара адырдың бауырына еніп жасырынып тұрғандай, өзеннің қатты толқыны, алыстан дала үкісінің дауысы, тағы бір жақтан иттердің үргені естіледі. Лашықтың іші қараңғы, май шамның күңгірт сәулесі жылтырап тұр. Достар сыбырлап сөйлеседі. Чойбалсан досының үсті-басына айнала қарап:

— Сухэ-Батор, сен мына киіміңмен бақташы емес, қайыршы сыяқтысың... — дейді.

— Қазір бақташының қайыршыдан не артығы бар?

— Рас, — деп мақұлдайды Чойбалсан, — ал, сен қадірлі хатты қай жеріңе тығасың? Сенің мына жалбырауығың оны жаудан жасыра алмайды...

Сухэ-Батор жымыйып, қамыс қамшыны ұстап тұрып сабының түбіндегі сүйектен істеген қолсапты бұрап алып хатты шыйыршықтап қуысына тықты да қолсапты қайтадан қатты бұрап қойды.

... Биік жарлауыттан өгіздер арбаны әрең тежеп төмен түсіп келеді. Арбаның дөңгелегі тасқа тіреліп бір жағына ауытқып кеткенде, Сухэ-Батор құлап түсті.

— Ей, айдаушы, ұйқтап жатырсың ба? — деген ызғарлы үн шықты.

Сухэ-Батор атып тұрып, өгіздерді жолға салды. Алдыңғы бетте, қырқадан қоп-қою қарабурыл шаң будақтап барады.

— Маньчжур патшасы үйінің заңдарын әдепсіздікпен бұзып жүрген, дала қарақшысы Сухэ-Баторды кімде-кім ұстап берсе,

соған күміс есебімен бес мың лан беріледі! Бес мың лан беріледі! — деп барқыраған дауыс та естілді.

Жаршының не дегенін Сухэ-Батор естімегенмен сортаң асудың тұсынан бір топ салт аттыны көзі көрді. Жаршының астында жирен аты бар, оған еріп ердің үстінде паңдықпен шалжыйып отырған маньчжур төресі жүр, қасында қашырлар мен түйелерге мініп найза, мылтық асынған солдаттары бар.

Төре келді де керуенді тоқтатты, жаршы бар даусымен айқайлап:

— Кімде-кім Сухэ-Баторды тірідей ұстап берсе, бес мың лан, өлі ұстаса — үш мың, басын әкеп берсе — екі мың!.. Белгілері: баспанасыз бақташы, әке заңын аяққа басушы, орта бойлы, өткір көзді, өктем дауысты... — деді.

... Айнала ұшы-қыйырсыз кең, жазық, жасыл дала. Сухэ-Батор жолдың ортасында тұр. Жан-жағына алақтап, еңкейе жүгіріп оның қасына қарт айдаушы келді.

— Сухэ-Батор, шатақ болды! Сені ұстамақшы, сақтан!

— Қоян қасқырлардан қашып құтыла ала ма? Қасқырларды алдау керек.

— Арбаның астына тығыл немесе теңдердің арасына кіріп жат, мен сені киізбен жауып тастайын...

— Түйені шапанның етегімен жасырғанды қайдан көріп ең, қарт?..

Қарт айдаушы сасып не істерге білмеді. Сухэ-Батор оның қасына келді де, сыбырлап:

— Маған шашыңды кесіп бер, сонда сен мені құтқара аласың... — деді.

Шалдың зәресі ұшып, сап-сары өңі құпқу болып, қолдары қалтырап кетті:

— Шашты! Елу жыл жолдас болған шашымды... Үй-ішіме не бетіммен көрінем. Бүкіл ауыл болып маған күлмей ме?

— Ей, арбаның артында тығылып тұрғаның қайсының, шық былай! — деген дауыс шықты.

Қарт айдаушы жерге еңкейе беріп былғары қынабынан пышағын алды да өзінің ұзын шашын кесіп:

— Мә, Сухэ-Батор, тез ал!... Келе жатыр!... — деді.

Сухэ-Батор қалпағының астынан шашты киіп еді, бұрымның жібек жіппен өрілген жері иығына да, кеудесіне де салбырап түсіп тұрды.

Жаршы төремен, солдаттармен бірге Сухэ-Батордың қасына келді.

— Ал, кәне нас бақташы бері қара!

Жаршы жіңішке тілім қағаздан көз айырмай оқый бастады:

— Белгілері: орта бойлы...

— Орта... Солай,—деп төре мақұлдай қайталады.

— Шапаны көк...

— Дұрыс, көк...

— Көзі өткір!

— Дұрыс, өткір!

— Даусы өктем!

— Дауысың! — деп төре айқай салды.

Сухэ-Батор қолына қамшысын қатты қысып алып, үн шығармады. Төре аузын қыйсаңдатып, сұқ көздерін шүңірейтіп, кеке-сінді күлкімен:

— Ана қара, өзінің қолында бақташының қамшысы жүр... Баспанасыз айдаушыға қамшының керегі не? Әлде бұл қайыршының үйірлеген жылқысы, табын-табын сыйыры мен түйесі, отарлаған қойлары бар шығар, ә?...

Төре қолын сілтеп қалып еді, солдаттары Сухэ-Баторға тап беріп, қолындағы қамшысын жұлып алды да төреге берді.

— Дауысың! — деп төре көзін шақшыпта түсіп, Сухэ-Батордың бетінен қамшымен тартып жіберді. Сол жақ қабағынан самайды ала қызылкүрең жолақ пайда болды. Сухэ-Батор тіл қатпады.

— Дауысың?! — деп төре жандаусы шыққанша айқайлады.

Қамшы шарт етіп Сухэ-Батордың жауырынын осып кетті. Қатты ұрғаннан төренің астындағы ат бүгіле қалды. Сухэ-Батор жанына батқаннан тістеніп тұрып, ашық даусымен:

— Ылтипатты әміршім, бүйтіп сен менің қамшымды сындыруың мүмкін, сонда мен мынау шабан өгіздерді немен айдаймын,— деді.

— Даусы өктем! Өктем!!! — деп айқайлады долданған төре.

— Басы тақыр...— деп оқыды жаршы.

— Тақыр? Өтірік айтасың, қайта оқы!..

— Басы тақыр,—деп қайталады жаршы.

Сухэ-Батордың шашы қалпағының астынан көрініп, күнге шағылысып тұр. Бұл кезде қарт айдаушы арбаға асылып, іштей солқылдап, әжім басқан бетінен көзінің жасы сорғалап тұр еді.

Төре атын шаужайынан тартып қалып, бұрылып кетуге айналды. Сухэ-Батор жүгіріп барып, төренің атының шылбырынан қысып ұстай алды:

— Қамшы менікі, ылтипатты әміршім!

— Бұл енді менің қамшым болады, ол маған өктем дауыстарды байқау үшін керек...

Сухэ-Батор төмен қарап тұрып қалды, маңдайы ісіп, көгеріп кетіпті, сол жақ самайы мен жағынан қою күрең қан сорғалап тұр. Ол бар даусымен:

— Бастық ұлы қытайдың: «Бай жарлыда бардың жарымын алсын, жарымы кейінге қалсын», деген мәтелін білетін шығар... — деді.



Сөйтіп, Сухэ-Батор төренің қолынан қамшыны жұлып алып, сабын тізесіне бір басып екі бөлді. Сүйек сапты жағын өзі алды да бас жағын төреге беріп тұрып:

— Міне, мынаумен ылтипатты әміршім өктем дауыстарды байқасын да, ал мынау жарлы кіреші қайыс байлап алып өгіз айдасын,— деді.

Төре сасқанынан көздерін жыпылықтатып тұрып қалды. Жаршы қолындағы қағазын жұмарлап, солдаттар дәнеңеге түсінбей аңырайып қалыпты:

— Түрмеге! Мынаны түрмеге!... — деп төре ат үстінде қалш-қалш етіп, қолын бірақ сілтеді. Солдаттар Сухэ-Баторға бас салып, қолдарын артқа қайырды. Төре атын тебініп жүріп кетті, оның соңынан жаршы мен солдаттар да қалмады. Солдаттардың біреуі қолдары таңылған Сухэ-Баторды сүйретіп бара жатты.

Төре мен оның топтарының жолға беттеуі сол-ақ екен, алдағы сортаң төбенің арғы бетінен тышқан түстес қашырға жайдақ мініп, жалба-жұлба киінген бір кәрі шал шыға келді. Ол күнге сығырая қарап келе жатып, қашырымен төренің атының алдына кес-кестей қалды.

— Менің қашырымды ажал айдап келеді, — деді шал жыртық қалпағын қолына алып, — сенің мархабатыңдағы солдаттарың найзаларымен мұның қарнын жарсын...

Солдаттар найзаларымен қашырды итеріп қалып еді, шал үстінен ұшып кете жаздады.

— Мархабатты жарқыным қарақшыны іздеп жүр ме?.. Кімде-кім оған қара лашықты көрсетсе, ол қанша сыйлық алады?

Төре маңғазданып қалың ернін шүршітіп, шалға тыжырына қарап:

— Не дейсің, сен жалбыр шал, қайта айтшы? — деді.

— Бір айтқан сөздің құны — біреу, екі айтқан сөздің құны — екеу.

Төре алабұртып, қамшысын сілтеп еді, бірақ шал бұғып қалып, етіне тигізбеді. Сонан соң сыпайылықпен басын иді де:

— Сандуғашқа тимесең ғана сайрайды, егер тиіссең, ол өзінің лебізін ешкімге естіртпей үн-түнсіз ұшып кетеді, — деді.

Жаршы ұйқыдан шошығандай:

— Қарақшыны ұстағанға бес мың лан! — деп айқай салды.

Сухэ-Батор құлақ түре қалды.

— Бес мың? — деп шал басын шайқап тұрды да: — О-хо! Бес мың! Сондай көп пе? Онда Сухэ-Баторды білем, үйін көрсетейін. — деп сыбыр етті.

— Оның үйі қай жерде?

— Мархабатты мырза маған ерсін.

Шал жаман қашырын тебініп желе жөнелді. Қолдарын арқан қыйып сүйретілген Сухэ-Батор демала алмай алқынып келеді. Дәл төбешікке жеткен кезде шал қашырын тоқтатты.

— Мархабатты мырза, біз жүре алмай келеміз, анау қайыршың бізді текке бөгеп келеді, — деп шал Сухэ-Баторды көрсетті.

Төре сол жаққа қарады да қолын сілтеп еді, солдат арқанды өзіне қарай тартып алып, еңкейіп Сухэ-Батордың қолдарын шешті де аяғымен арқадан бір тепті. Шал қашырымен жорта жөнелді. Сухэ-Батор керуенді қуып жетпекші болды. Керуен ұзап кеткен еді, алыста қызғылт тартқан көкжиектен ырғалған көш тізбегі әрең қарауытып көрінеді.

Ол керуенді тек көшке қарай қуып жетті. Солтүстікке қарай тартқан ұзақ сапар аяқталуға жақындап келеді.

Қала қақпасының алды тар, абыр-сабыр: жүргіншілердің айқай-шуы, гүжілдеген дауыстары естіледі, ерсілі-қарсылы дамылсыз өтіп жатқан керуендер. Сухэ-Батор шаршаған өгіздерді айдай түсті. Оның жүрегі лүпіл қақты, қақпаға таяу жерде жазықта Қыяқты деген орыс қаласы тұр. Сухэ-Батор қамшысының сүйек сабын қатты қыса түсті.

Оның қасына қарт айдаушы келді.

— Сухэ-Батор, жақсылықтың нышаны болар: түнде аспанда солтүстіктен оңтүстікке қарай бір жасыл жұлдыз ақты...

— Жоқ, — деп жауап берді Сухэ-Батор, — біздің жұлдызымыз жасыл емес, қарт, қызыл, қош сау бол...

Қарт айдаушы қоштасарда, одан бірдеңе сұрағалы тұрған адамша қарады. Сухэ-Батордың есіне түсе кетті:

— Ә, сенің шашың бар екен ғой.

Шал егіліп қоя берді.

— Мені құтқарған сол болды... Рақмет! — деп Сухэ-Батор қарт айдаушыны құшақтап, шашын қайтып берді.

— Мұны мен өзіңнің көзіңдей көріп сақтаймын, Сухэ-Батор, — деді шал көңілі босап.: Сөйтіп шашты қойнына тықты. Сухэ-Батор жүріп кеткеннен кейін де ол бұл ер жігіт қайда бет алды екен деп артынан ұзақ уақыт көз алмай қарап тұрды. Өзіне бұрыннан таныс шекарадағы орыс қаласының бейнесі енді оған біртүрлі өзгеше, тамаша болып көрінді. Ол аппақ тас үйлерге, шіркеудің алтын күмбезіне, биік дуалдың жіңішке қадаларына қадала қарады. Әне, сонау биік дуалдың аржағында, тас үйлердің арасымен халық елшісі — монғол Сухэ-Батор кетіп барады. Сол зәулім үйлердің ішінен өзі іздеген үйді тауып кірер ме екен, монғолдарға жәрдем ететін адамды іздеп тауып алар ма екен? Шал қолдарын айқас-

тырып кеудесіне басты да тізерлей отырып құлшылық етті.

— О, құдіреті күшті жер мен көктің, мал мен жанның, от пен судың иесі, бүкіл жерді кезіп, ажалдан қашып, халық үнін жеткізгелі кеткен құлына жәрдем ет!

Ал, Сухэ-Батор бұл кезде Қыяхтының кең көшесімен жүріп келе жатыр еді. Терезелерінің маңдайшалары оюланып өрнектелген ақ үйдің қақпасы алдына жеткенде тоқтап, ақырын есік қақты. Іштен орыс әйелі шықты. Ауыз үйге кірген соң ол шаң басқан қалпағын алып, майдайының терін сүртті.

— О, Сухэ-Батор! — деген таныс дауыс естілді. Бұл не? Маңдайыңның бәрі ісіп кетіпті ғой...

Сухэ-Батор жымыйып:

— Бұл патша сарайының ұлығы мархабатты Сен-сю мырзаның менің өз қамшыммен маңдайымды сыйпап салған таңбасы ғой, — деді.

Үйге оның орыс достары келді. Олардың бірі:

— Енді Сухэ-Батор, сен пароходпен, поезбен жүресің, қамшының саған мүлде қажеті болмайды, лақтырып таста, — деді.



Сухэ-Батор беліндегі қамшыны қолына ұстап тұрып, сүйек сабын бұрап ашты да ішінен шыйыршықталған жіңішке қағазды суырып алды.

— Ленинге, — деді ол, мұны айтқанда оның көздері ұшқын атты.

Жіңішке қағаздың өнбойына қатар-қатар тізіліп жол өрнектері салыныпты.

— Ленинге! — деп Сухэ-Батор тағы қайталады.

... Таң атты. Жабық әйнектің саңылауынан жарық түсе бастады. Сухэ-Батор оянып та алған. «Москва... Москва...» — дейді ішінен.

Үлкен бөлменің іші жым-жырт.

Бүкіл ен даланы кезіп, талай қыйыншылықтармен жеткен монғол халқының хаты енді қамыс қамшының ішінен алынып, үлкен ақ конвертке салынды. Бұл хатта азап шеккен халықтың бүкіл халықтардың жарқын баторы! — Ленинге деген үміт-тілегі, мәңгі сенімі айтылған сөздері жазылған...

Сухэ-Батор қымбат пакетті қолына алды. Оның сыртында орысша:

«Москва, Кремль, жолдас Ленинге» деген сөз жазылған.

Сухэ-Батор шапанының қалтасынан жібек орамал алды да, хатты соған мұқият орап кеуде тұсына тықты.

— Ленинге хатты менің жүрегім апарып жеткізеді, — деді ол жолдастарымен қоштасып тұрып.

Орысшасынан аударған

Р. Ыдырысов.

ТАПҚЫРЛЫҚ

Ел аузынан

Күз. Күн көкжиекке таянған кез. Жайық өзенінің жағасындағы ауылда топ бала асық ойнап жатады. Оларға ұшыраса кеткен салт атты жолаушылар жол сұрайды. Сонда топ ішіндегі кішкене қара бала Қонас:

— «Екіндіде ел тастама» деген ғой, ағайлар, ендігі ауыл алыс, осында қонғандарыңыз жөн болар, — дейді қамқорлықпен.

— Сенен ақыл сұрамаймыз, шырағым, тек алдымыздағы ауылды айтшы, — дейді кәрі жолаушы.

— Алдыңызда ауыл көп. «Көрінеменің» ауылы, «Ойпыр-ай», «Әттеген-ай» дегендер де бар... Қайсысын сұрайсыз?

«Баламен бас ауыртып тұрамыз ба» деп жолаушылар аттарына қамшы басып, жорыта жөнеледі. Олар күн батып, қас қарая қырқадан ойға түседі. Сонда кәрі жолаушы:

— «Көрінеменің» ауылы көріне ме? — деп сұрайды.


— Жоқ.

Қария әрі-бері жүрген соң тағы сұрайды. — Ойпыр-ай, тым құрса ошақ оты көрінуі керек еді ғой! — дейді қалжыраған жолаушылар.

Күздің кей түні салқын болмай ма. Сондай түнге кездескен жолаушылар тоңып, әбден шаршайды, әрі бағытынан айырылады. Сонда «Әттеген-ай, баланың қон деген ақылы дұрыс екен», — деп өкініпті.

Х. Қыдыров.

¹ Батор — көсем.



Тұңғыш Бала

Әңгіме

Арба зірк-зірк соғып келеді. Бозамық шаң арбаның соңында үйіріліп, жер бауырлай қалқып барады. Баяу ескен самалдың лебі жылы. Шақырая түскен күн көзі денеңді қарып, бетіңді терге шылайды. Көгілдір аспан мөлдір де тұңғыйық.

Жолдың екі жиегіндегі шөп қурап кетіпті. Әріректе сарғая бастаған бидайлар тынық күндердегі теңіз бетіндей дірілдейді. Алыстан көлбей қарағанда желге толқыған жібек орамалша құбылады.

Бір белді асып, енді еңіске қарай құлдыладық. Жол құмдайық бола бастады. Жел лебі де қатайыңқырады. Енді бірте-бірте жар тастар да ұшырасады.

Біз енді сайдың табанына түстік. Әлгінде ғана көз ұшына созылған, сағымданған дала, зәулім аспан енді екі сайдың жар қабақтарының арасына қысылғандай. Өзен іші көк жасыл. Гүрілдеп аққан өзен сарыны құлаққа жылы тиеді. Жолды кемерлей ну қамыс, ішінара ағаштар өскен. Бір жағы қатпар тас, екінші жағы сусылдаған қамыс, сыбдырлаған ағаш. Ортасын жара өткен тас жол. Бірі көктемнің жастық көркін берсе, бірінде сары күздің реңі тұр.

Оспан қартпен сөйлесудің ретін таба алмай, селодан шыққандағы сол бір үнсіздікпен, айналаны тамашалаған бойы, ну жеміс ағаштың арасындағы лагерьге жеттім...

Мен арбадан түсе қалған кезде қарсы алдымнан жүгіріп Бубина шықты. Талпақ танауы делдиіп, қысыңқы қара көзі күлім қағып, арсалаңдап келген бетте-ақ қапсыра құшақтай алды.

— Бәсе, келеді деп ем. Ой, келгенің жақсы болды,— деп ендіге сөйлейді.

— Жіберші,— дедім мен жақтырмаған әлпетпен.

— Оһо, келмей жатып ашулысың ғой,— деді Бубина құшағын жазып, одырая қарап.

Үндегенім жоқ. Қапшығымды сүйреткен бойы шатырға беттедім.

Лагерьдің бастығы әрі мұғалімі Ескендір аға үлкен палатканың алдында тұр екен. Жұқалаң аққұба жүзі күнге күйіп, тотығыпты. Үстіне киген жол-жол ақ көйлегінің жеңін түріп алған, басында ақ сабан қалпақ.

Мен аудан орталығына келген кезде екінші кезекте демалатындар лагерьге кетіп қалыпты.

— Неге кешіктің? — деді маған аудандық комсомол комитетінде көгілдір аспандай тап-таза, мөп-мөлдір көк көзді сары қыз.

— Кешіккенімді көріп тұрмын,— дедім мен кешігіп қалғанымға күйінішпен. Шынында да, достардан қалып қою жақсы ма! Шамасы, реңім өзгеріп кеткен болуға керек, әлгі қыз:

— Ренжіме,— деді мені жұбата сөйлеп.— Қазір азық-түлік алуға осында Оспан қарт келеді. Сонымен қосып жіберемін.

Оның бұл сөзіне көңілім сеніп қалды. Мен әлгі жерде, неліктен кешігіп қалғанымды, оған өзім кіналы емес екенімді барылдап айта бердім, айта бердім.

— Дрр! — деген дауыс шықты.

Орнымнан ұшып тұрып терезеге жалт қарадым. Әлгі қыз да жымыйған бойы орнымнан көтерілді.

Терезенің дәл алдына келіп тоқтаған арбадан әлдекім бүгіндеп түсіп жатыр екен.

— Міне, Оспан қарт та келді,— деді ол өзі отырған орындықты жылжытыңқырап қойып, есікке қарай жүре бере.

... Селодан шыға бере қара жол кішірек жылғаны сағалай, өрге тартты. Ауданға талай келгеніммен, бұл жақты көрген емен. Естуімше мен баратын Шарбақты өзенінің бойы терең сай, қалың ну ағаш.

— Келдің бе? — деді ол маған үлкен күрек тісін көрсете жымыйып.

— Келдім.

— Бубина! — деп дауыстады ол. Бубина жүгіріп қасына келгенде:

— Мына Дәуіт сендердің отрядтарыңда болады. Қазір ілестіріп барып орналастыр.

Міне қызық, әлгінде ренжітіп, енді оған бағынышты болып қалдым.

Сонымен Бубинамен бір отрядта ғана емес, бір звенода болуға тура келді. Ол-ол ма, оның біздің звеноның вожатыйы болғанын қайтерсің. Келмей жатып бағынбауға болмайды. Лажсыз көнуге тура келді.

Бубина болса, мұны мақтаныш еткендей, келген күннен-ақ тықылдай бастады.

— Ертең саяқатқа шығамыз. Әлтаман спорттық жаттығу болады. Мына кітапты оқып шық, сөйлейсің...

Не керек, тапсырмамен көме салды.

Амал жоқ, спорттық жаттығуына да бардым, кітабын да оқыдым.

«Қап, бәлем-ай! Ісің түсер ме екен маған».

Екі-үш күн өткен соң кешке жақын лагерь ауласында доп теуіп жүр едім, Бубина келді.

— Дәуіт, бері келші.

— Ия, не айтасыз? — дедім мен қасына келе, сыздана сөйлеп.

— Дәуіт, сенімен сөзім бар еді, — деді Бубина салмақпен. — Сенен көмек сұрайын деп ем... Жо... былай айтқанда, кеңес алайын деп ем. Сен бұрын звено вожатыйы болдың ғой. Тәжірибең бар... Жұмысың да ұнады бізге... Сен ашуланбайсың ба?

— Айта ғой.

— Сен ешкімге айтпа, — деді Бубина менің сөз райыма қарай жымыйып. — Ана Сапар деген баланы көрдің ғой.

— Білемін.

— Байқайсың ба, сол бала тым тұйық. Өзін оқшау ұстайды. Ешкіммен үйір емес. Бірер рет сөйлеспек болып ек, сырттай береді. Зеріккен адам тәрізді. Тапсырма берсең сүлесоқ орындайды. Өзің білесің, ол да біз секілді демалуға келді. Көңілсіз жүргені дұрыс емес қой. Соны қалай ортамызға тартамыз?

Ойланып қалдым. Рас, Сапарды күнде көремін. Екеуміз бір шатырда жатамыз. Бірақ, оған бұрын назар аудармағандықтан ба, мұндай мінезін байқамаған едім. Мына сөзден кейін оған деген таңсықтығым артты. Оның үстіне, Бубинаның өзі сұранып тұрған соң, әрі кішірейіп келген соң (өйтпеске ше!) қайтарғым келмеді.

— Ол баланы маған тапсыр, — дедім мен мақтанғандай, — әлі-ақ нағыз көңілдінің өзі болады!

Әйтседе, Сапарды ойынға тартуға болмады. Бір күн кешке дейін айналшықтап қасынан шықпадым. Әрнені айтып та көрдім. Бірақ, тымырайып, бірде қысқа ғана жауап берсе, бірде үндемей қояды.

«Енді не істеу керек, ө?»

Әлдекімдер күліп жатыр. Мен ілби басып қалың ағаштың ішіне сүңгіп кеттім.

Кенет, өз көзіме өзім нанар-нанбасымды білмегендей тұра қалдым. Бәлкім, түсім шығар дегендей көзімді уқалап-уқалап жіберіп қараймын. Жо, өңім-ақ.

Қарсы алдымда қалың жүгері. Кейбірі шашақ жарған. Баяу сыбдыр қағады. «Кімнің жүгерісі? Бұрын неге көрмедім!» Жүгеріні қолыммен сырып, жол сала аралап жүріп келемін. Бір кезде қарсы алдымда әдемі бақша жатты. Ақ гүлдері моншақ тәрізді көкпеңбек картоп, енді бір шетіне сарғалдақтай сап-сары гүл шашқан помидор, онан әрмен жапырағы жерге өрнек салып, жұдырықтай болып түйіндеген қарбыз. Міне қызық! Нағыз тамаша осында ғой. Көз алмай карап тұр едім, үрген иттің даусы естілді.



Сөлт етіп жалт қарасам, бақшаның шет жағындағы шөп жапқан күрке жақтан үлкен бір қара төбет әуілдей үріп жүгіріп келеді. Қашайын десем құтқарар емес.

— А-а!

Даусым шығып кетті. Отырған адамды ит қаппайды деген балалардың сөзі есімде, көзім бажырайып отыра кеттім.

— Ақтөс, қайт кейін! — деген кәрлі дауыс итті тежеді. Ит мойнын ішіне беріп, құйрығын бұлғаңдатып кері бұрылды. Енді байқаймын, иығына кетпен салған, тізесіне дейін шалбарының балағын түрініп алған бір бала тура маған қарай келе жатыр.

«Ей, мынау Сапар емес пе? Дәл өзі. Ол неғып жүр мұнда?»

— Осындай да қорқақ болармысың, — деді Сапар күліп.

— Қауып алса, — дедім міңгірлеп, үстімді қағып жатып.

— Сен де жәрдемдескелі келдің бе? — деді Сапар жадыраңқы үнмен.

Нені сұрап тұрғанын байымдамасам да, басымды изедім. Әлі таңданып тұрмын. Оның үстіне Сапардың дәл мына жадыраңқы жүзі таңырқарлық.

— Өзім де солай ұйғарған едім, — деді Сапар. — Жүр!

Біз балағанға беттедік. Сапар жеткенше сөйлеумен болды.

— Бір мезгіл осында келіп көмектесіп кетемін. Қызық-ау, біздің отрядта жас мичуриншілер аз ба екен. Неге оларға бір мезгіл жұмыс істемеске? Сенсең бар ғой, лагерь жанында тәжірибе участогінің болмауы маған ұнамайды. Ех, біздің совхоздағы мектептің жанындағы участокті айтса, ие? Бәрі бар. Бәрін де өзіміз отырғыздық.

— Лагерь быйыл ғана ұйымдасты ғой, — дедім мен.

— Мало ли что, быйыл. Біздің совхоз да жаңа ұйымдасқан. Барып көрші... Тамаша! Ал, мұнда ойыннан басқа дым жоқ. Жалықтырады.

Ішімнен қуанып қоямын. «Айтқаным дұрыс келді ме. Енді не дер екенсің, Бубина?» деймін.

— Саяқат ше, спорттық жарыс, жыйын ше? — деймін мен.

— Ол дұрыс қой, — дейді Сапар қосылып. — Бірақ бір мезгіл еңбекті де ұмытпау керек. Дәл қасымызда осындай бау-бақша тұрғанда, бұған келмеу ұят. Сен қалай дейсің?



— Әрине, ұят, — дедім мен қосыла. — Сол үшін келдім ғой өзім де.

Сапар екеуміз лагерьге ескі достардай-ақ көңілдене қайттық.

— Сонымен Оспан қарт бізге азық-түлік тасушы екен десем...

— Е, ол жай көмегі ғой, — деді Сапар жол үстінде күліп.

— Сапар деймін, көмек жайын сен неге бұрын айтпадың?

— Кімге, Бубинаға ма? — деді Сапар жақтырмағандай әлпетпен. — Ол жыйыннан басқаны керек ете ме?

— Жо, сен олай деме. Бубина жақсы қыз...

Мен дәлелдеп айта бастап ем, ол:

— Айтып көр, егер қолдаса... — деді.

— Жарайды.

Біз лагерь ауласына келгенде, Бубина ұшырасты.

— Сендер мұнда келесіңдер ғой. Мен іздеп жүрсем, — деді, — Жүріңдер, қазір звено жыйыны.

— Тұра тұр, — дедім мен Бубинаға. — Жыйынды қоя тұр.

Бубина таңданғандай бажырая қалды.

— Таңданба, — дедім мен күліп. — Қазір үшеуміз де вожатыйға барамыз. Ия, аялдамай қазір барамыз. Үлкен сөз бар...

С. Сарғасқиев.

Шоқанасқан

С. Бегалин.

Ленин атындағы колхоздың орталығы (Нарынқол ауданы) Сарыбастау алқабында. Көрікті болып өсіп келе жатқан жаңа село бірден көз тартады. Әсіресе осы жылы ғана салынып біткен жаңа клуб, еңселі аумағымен, жасыл шатырына жарасқан айнала егілген балапан жасыл ағаштарымен ерекше көзге түседі.

Текестен шыққан үлкен қара жол бізді, міне, тура осы жаңа ауылға алып келді. Орталыққа таянғанда екі-үш жерде андағайлаған биік мал қоралары көрінді. Бұлардың бір-екеуі осы быйылғы жылы ғана салынып біткен сыйыр фермасының қорасы екен. Олар қазіргі техникамен жабдықталып, өте әдемі салынған. Бірақ әлі жетпей жатқан үлкен күш бар. Ол — Сүмбі өзенінің Көгершінді құламасынан салынғалы жатқан колхоз СЭСінің электр қуаты.

— Осы жаңалықтарға құлашты мол серметіп, келешегіне кепілдене шалқып жатқан дәулет анау белдің астында, — дейді қарт мұғалім Бердібек колхоз орталығының солтүстік жағындағы керегедей тау қыяларын нұсқап. Ол қалайша дегендей біз оның түсіндіруін тосамыз.

— Мына тұрған Есекартқан тауы, — дейді ол. Осы таудың арғы жағы Шалкөде жайлауы. Колхоздың барлық малы сол жайлауда.

Мұғалімнің атаған тау аты, жайлау аты тосын естілгендік пе, бізге түсініксіз болып көрінді. Ыңғайсыз да болса, балаша қайта сұрадық.

— Мына тұрған таудың ана бір кезеңіткен жерінен үлкен жол асады. Ол жол ерте кездегі Құлжа мен Жаркент арасындағы сауда керуендері жүретін жол екен. Осы жол Текесті басып, Мұз арты (Хан тәңірі) тауының ішімен Құлжаға барады. Өздеріңізге белгілі, Шоқан Уәлиханов Алты шәрге барғанда осы жолмен асыпты. Кітабында жазылған ғой. Ол мына Текесте, осы Сарыбастау, мынау көрінген Шартаста болыпты, — деп бізге біраз тарихи жайды қозғап кетті. — Сол кездегі Құлжа саудагерлері, көбінесе, есекпен жүреді екен. Сонан Есекартқан деп атапты. Шоқанның сапарынан

кейін бұл асуды жергілікті халық Шоқанасқан деп кеткен көрінеді...

Шоқанның бір тамашалаған жері Шартастас шоқысы екен. Бұл шоқы Ленин атындағы колхоздың орталығынан 10 километрдей жерде, жоғарыда айтылған Көгершінді құламасынан салынбақ СЭСінің іргесінде. Шартаста бізді колхоздың атақты шопаны Көгенбай қарт бастап барды. Ол осы атырапқа аты әйгілі мергеннің бірі екен. Шартастас жайында толып жатқан әңгіме де осы кісінің көкейінде сақтаулы екенін кейіннен түсіндік.

Шартаста алуан түрлі аңызды баяндайтын тасқа ойылған суреттер бар. Бір үлкен жартастың оңтүстік үстіртіне он екі тармақты мүйізі бар бұғының суреті бейнеленген. Енді бірінде елік текесі секиіп тұрған бейнесінде ойылған. Тастардың бітімдері өте қызық, тақталанып біткен жалпақ тастар болып жайылмай, шоңқыя-шоңқыя біріне бірі сүйене орнаған, үйдей-үйдей үлкен қызғылт тастар. Сондай бірнеше дәу тастардың төбелері түйісіп, үлкен қуыстар жасалып қалған. Осы үңгір қуысының кіре берісіндегі екі босаға таста біріне бірін қарсыластырып ойған екі жолбарыстың суреті бар. Бұлар тап бір күзетте тұрған аңдар тәрізді. Сол тастардың жоғарғы түйіскен жерінде тоты құстың бейнесін көреміз. Ал осы қуыстың ішкі беттерінде әр заманда жазылған әлденеше жазулар бар. Кей жерінде тасты қашап ойып жазған, кей жерінде қара бояумен жазған. Біздің іздегеніміз Шоқан жазған белгі еді, оны таба алмадық. Тек ертеде жазылғаннан «Кожанов 1910 жылы» деген қашап түсірген бір жазуды көрдік. Бұдан басқалары бертіндегі жазулар.

Осы қуыс тастың күн шығыс жақ сыртында, қора сыяқтанған шағын алаң бар. Алаңның үлкен жартастаға қараған іргесінде астау тәрізденген ұзыншақ ойма жатыр. Оның оңтүстік шетінде, жар тастың шеті жұдырық сыятындай тесік. Оның сыртында екі жерде ортасы текшеленіп ойылған екі тас тұр. Бұлар табиғаттың күшімен, жаңбырдан, желден күн жеп қажалып түскен таңбалар

екені айқын-ақ көрініп тұр. Жергілікті халықтар бұл жөнінде мынандай аңыз айтады. Манас батыр осы Шартаста ана қуыста бекініпті. Мына алаң соның құла аты тұратын бекін екен. Ана тесіктен аттың мойнындағы жібек арқанның бір шетін шалып қояды екен. Сырттағы екі тастың бірінде тұз, бірінде арпа тұрады екен.

Жаратылыстың кейбір ғажап суреттері қолмен жасағандай, әдемі болатыны қандай. Бұл суреттер де сондай әдемі. Мүмкін, Шоқанның «Манас» дастанын жыйнауына осы аңыз себеп те болған шығар деп ойлайсың. Біз Шоқанның өз жазуын таппағанмен, хыялына қозғау салған қырғыз халқының аса үлкен аңызының жұрнағын тапқандай болдық. Талантты ғалымның ұлы сапарында болған жерін, жүрген ізін көрдік.

Шоқан бұл жолмен 1858 жылдың жазында жүріп өткен. Шоқанның бұл сапары өте қатерлі еді. Бірақ талантты жас ғалым қиындық, қатер, хауіптен қорғанбады. Ғылым үшін, Отан игілігі үшін деген ұлы мақсатқа өзінің жас өмірін арнады.

Шоқан ол сапарға сол кездегі Россия патшалығына қараған шығыс жақ шеттегі үлкен қаланың бірі — Семейден аттаныпты. Осы күнгі өзінің сүйегі жатқан «Алтын Эмель» кезеңінен асып, Жаркент қаласына соғып, Іле өзенінен өтіп, Алты шәріге бет алған.

«Біз жақсы Алтын Эмельден көшіп, Іленің өткеліне келдік. Іледен бізді аттың құйрығына байлап тартатын жайдақ қайықпен тасып өткізді. Қайық сондай ебедейсіз, ескі екен. Бір қайықшы рулін ұстап отырды. Екіншісі қайықтың жыртығынан кірген суды төгіп, ескі құрым кигізбен тығындаумен болды. Іледен үш күнде әрең өтіп болдық» — деп жазады ол бұл сапарын.

Бұл жолда Шоқан құпия түрде, бай купецтің сатушысы болып барған, Іледен үш күндей тасып өткізгендері сауда мүліктері болуы керек.

Іледен өткеннен кейін бірнеше күн жүріп Қарқара, Кеген алқабында отырған Албан руының ауылдарына келеді. Сол жерде жатып көлік тынықтырады, жүретін жол жайымен, елмен танысады. Іледен Қарқараға жүрген жолында Шалкөде өзеніне қонған, сол жерде шатыр тігіп түнегенін жазады: «Июль айының іші еді, түнде қар жауып, боран соғып, қатты суық болды. Үшінші күні Борсық бидің ауылынан кісі келіп бізді елге бастап апарды».


Шоқан осы сапарында ұлы жүздің Албан-Суан руларының, Саяқ, Бұғы атанатын қырғыз руларының қонысымен таныстырып, сол күндегі олардың тұрмыс жайын да жазады.

Өзінің туған елінің, оның көршілес ағайыны қырғыз елінің ол кездегі аса анайы күйін қайғыра жаза отырып, сол елінің келешегіне жол ашып, орыс сыяқты мәдениетті халыққа сүйенуге, сонан тәрбие алуға жол бастаған сапарының бірі еді бұл.

Сол Шоқан жыртық қайықпен өткен Іледе бүгін сәнді пароходты көреміз. Шоқанның сондағы көрген ұсқынсыз ауылының ұрпағы пароходпен сайран салады. Сондағы елсіз-жұртсыз Шалкөде жайлауында колхозды ауылдың қарақұрым малы өрістейді. Радиосы саңқылдаған, кітапханасы, кино-театры, мәдениет үйлері халыққа қызмет етеді. Сондағы, Шоқандар түйемен бір жеті жол жүрген Іле — Қарқара аралығы қазір екі-үш сағаттық жол. Сонау есекпен саудагер керуені асқан, Есекартқан асуынан бүгін машина зырлайды.

Шоқан шатырын жайған Сарыбастау өзенінде колхоздың гүлге оранған мәдениетті ауылы өсіп, байлыққа, бақытқа бөленген.

Ерте оянып, елін ұлы достыққа бастаған, қара түнек күнде ғылым шыңына қол сермеген, талантты ғалымның ұлы сапарындағы жорық ізімен танысам деген жас ұрпақ осы айтылған жерлерге барса, бәрін көреді, сұлу таудың көркем көрінісін тамашалайды; таза ауалы, салқын жайлауда саяхаттайды.



Соколов-Сарбай комбинаты

Очерк

Жас дос! Біздің әрқайсымыз машинаға немесе трамвайға мінгенді аса ұнатамыз. Шынында да, қандай тамаша! Алыс жерлерге лезде заулап барасың. Ал, поездға отырып, сапар шексең, онан да жақсы. Тілеген жеріңді көресің, нелер сәнді қалаларды аралайсың. Бірақ, әдетте, біз осындай керемет машиналардың қарапайым темірден жасалатынына көңіл бөле бермейміз. Ой жүгіртпейміз. Тұрмысымызға мол сіңгендіктен, әшейін жай нәрсе көреміз.

Ал, жер жыртатын тракторлардан бастап, егін оратын алып комбайнға дейінгі саналуан техникалардың бәрі негізінде темірден жасалған ғой. Оның өмірде қолданылмайтын жері бар ма. Ең ақыры өзіміз жазу жазатын қалам ұшы да темірден істелген емес пе.

Күн санап қарыштап өскен шаруашылығымызға, күнделікті тұрмысымызға темір барған сайын көп керек бола беретіні түсінікті. Ал, темір дегеніміз кен тастарынан — рудадан алынатыны мәлім. Біздің республикамыз жалпы темір рудасына бай десек, жаңадан тағы да бір мол қазна табылып отыр. Бұл Қостанай облысы, Соколов-Сарбай дейтін жерде ашылды.

Жергілікті тұрғын халықтардың айтуына қарағанда, бұл кен көзінің ашылу тарихының өзі қызық. Мұны бір ұшқыш тауыпты деседі.

... Қостанайдан көтерілген жолаушылар самолеті қалықтап ұшып келеді. Көгілдір аспанда шөкімдей бұлт жоқ. Күн шайдай ашық. Көкорай шалғын белдер, айнадай жарқыраған көлдер көз ұшында бұлдырайды. Тек Тобыл өзені ғана жыландай ирелеңдеп, біраз жерге дейін ілесіп бақты. Колхозды ауылдың үйлері төменде сіріңкенің қорабы тәрізденіп көрініп, бірінен соң бірі қалып жатты. Міне, ұшы-қыйырсыз мидай дала басталды.

Ұшқыш рульді нық ұстап, анда-санда компасына қарап қояды. Кенет, компастың тілі бір орында тұрмай ерсілі-қарсылы қозғалып кетті. Мұнысы несі? Бұзылғаннан сау ма деп компасқа жақынырақ үңіліп еді, шынында да, тіл тыным таппай тыпыршыйды. Гажап! Ертеңіне ол бұл арамен тағы ұшты. Кешегі

жай тағы қайталанды. Ұшқыш көргендерін дереу геологтарға баяндады.

— Я, бұл — қызық оқығға, — деді зор ықласпен тыңдаған геолог. — Ол жерде магнит аномологиясы болуы ықтимал... Тезірек зерттеп, байқайық...

... Геологиялық зерттеу жұмысы қызды. Жан-жақтан адамдар жыйналып, әсем поселок орнады. Зерттеу жұмысы қатарынан бес жылға созылды. Бұл уақыттың ішінде темір рудасының жатқан қабаты, тереңдігіне дейін жан-жақты анықталды. Шамамен алғанда, мұндағы руда әйгілі магнит тауының запасынан екі-үш есе асып түсетіні, сапасы да онан кем еместігі мәлім болды. Оның үстіне темір ашық әдіспен өндіріледі, еңбек аз жұмсалады. Сондықтан да, партиямыздың XX съезі қабылдаған алтыншы бесжылдықтың Директиваларында: «Он миллион тонналық шикі темір рудасын беретіндей қуаты бар Соколов-



Су түтігінің көрінісі.

Сарбай кен байыту комбинаты салынып, қатарға қосылатын болсын, сөйтіп, 1960 жылы 5 миллион 600 мың тонна дайын руда шығару қамтамасыз етілсін» — деп атап көрсетілді.

Түн ортасы әлдеқашан ауған. Айнала мүлгіген тыныштық. Табиғат қалың ұйқыда. Ең ақыры жаңа туған ай да іңірде ұясына батқан. Тек самал жел ғана кең даланы еркін шарлайды. Маужыраған осы тыныштықты орта тұстағы шатырда отырған үш адам ғана бұзғандай. Олар өзара қызу әңгімеге кірген. Бір сәт алдарындағы чертеждарға үңіліп, белгілер жасайды. Бір-біріне сұрақтар қояды. Бұлар — болашақ кен байыту комбинатының директоры Николай Фадеевич Сандрогайло, бас инженер Ефим Александрович Кандель, комбинаттың ең ірі өндіріс-техника бөлімінің бастығы Қайыр Нұрпейіс ұлы Күсембаев еді. Тәжірибелі инженерлер болашақ алып құрылыстың орнымен бірнеше апта бойы танысқан. Көптеген адамдармен кездесіп, кеңесті. Жергілікті резервтерді іздестірді. Енді бүгін алғашқы кезекте атқарылатын жұмыстардың жоспарын жасап, талқылау үстінде.

Әдетте, үлкен құрылысты салудан бұрын зор әзірлік жұмыстар жүргізіледі. Ең алдымен құрылысты үлкен өндірісті қаламен байланыстыратын теміржолдар салынуы тиіс. Өйткені құрылысқа қажетті материалдар, құрал-жабдықтар, сан алуан машиналар теміржол арқылы ғана тасылады. Әңгіме оны тиімді етіп салуды дұрыс ойластыруда. Сонымен қатар, келіп жатқан жұмысшыларды мамандығына қарай орнықтырып, еңбекті тиімді ұйымдастыруды да кейінге қалдыруға болмайды. Бәрі бір-біріне тығыз байланысты. Осы күрделі мәселелердің берік шешімін тауып, жүзеге асыру қажет. Болашақ кен комбинаты басшыларының ұзақ отырып кеңесу жайлары да, міне, осы еді.

Жаңа құрылыстың көлемі кең, болашағы зор. Бір ғана кен комбинатын салып, іске қосу үшін жүздеген миллион текшеметрден аса жалпы құрылыс жұмысы жүргізілуге және жер қазылуға тиіс. Мұның өзі Днепрогэс құрылысын салғандағы жер жұмыстарынан 20 есе асып түседі. 1 миллион текшеметрден аса темір бетон құйылып, жарты миллионға жуық кірпіш қаланады. Оның үстіне жердің астындағы суды ағызып, темір рудасын құрғату керек. Ол үшін зор плотина салынып, жарты миллиард текшеметрлі су қоймасы жасалмақ.

... Қайыр кеш жатса да, ерте оянды. Таза ауада ұйықтағандықтан ба, бойы сергіп, тынығып қалыпты. Дереу киініп, сыртқа шықты. Жан-жаққа көз қыйығын тастап шолып еді, тігілген ақ шатырлардың саны өсіп қалыпты.

Кенет:

— Сәлеметсіз бе, — деп қолын ұсынды Владимир От. Ол таныс адамындай шүйіркелесіп сөйлесе кетті. — Уралдағы Волшанск ашық көмір шахтасында экскаваторшы болып істеген едім. Газеттен Соколов-Сарбай дейтін жерде мол руда кені ашылды дегенді оқып, өз қалауыммен осында келдім. Менен басқа да көптеген жігіттер келді. Бәрінің де мамандығы бар.

— Өте жақсы еткенсіңдер, — деп Қайыр қуана қарсы алды. — Қалаған экскаваторыңды аласың. Техника келіп жатыр.

Әңгіме аздан соң Қайырдың өз жайына ауысты.

— Мен де өзіңдей, осымен үшінші құрылыста жұмыс істеген адаммын. 1930 жылдары Магнитогорскі комбинатын салуға қатыстым. Ол кезде техника әлдеқайда тапшы еді ғой. Осы күнгі алып комбинат, толып жатқан фабрика-цехтардың ірге тасын күрек-қайламен қазып шықтық. Жұмысшы күші қойсын ба, тауды бұзып, тасты жарды... Отан соғысы жылдарында Қазақстанда Жезді деген жерде марганец кені ашылды. Мен сонда кеттім. Қатарынан 13 жыл істедім. Партия мен үкімет азды-көпті тәжірибең бар деп быйыл осында жіберді.

Қайыр, жұмыс істей жүріп оқудан қол үзбей, 1942 жылы Магнитогорскідегі кен-металлургия институтын бітіреді. Сөйтіп кешегі қарапайым жұмысшы тәжірибе мен білімнің арқасында нағыз инженер болды.

Жас жігітке оның өмірі, өткен жолы үлкен әсер етті.

Кешікпей кеншілердің асыға күткен машиналары, құрал-жабдықтары да жеткізілді. Жап-жаңа жүк машиналары бірінен бірі өгіп, көз тартады. Әсіресе, алып самосвалдар мен экскаваторларды айтсаңшы. Жұрттың бәрі солардың маңында. Мектеп оқушылары да жыйналған.

— Бұл 25 тонналық самосвал, — деп таныстырады жас шофер. — Бір өзі ондаған машинаның жүгін сүйрейді. Таяу уақытта бұдан да үлкен самосвалдар шығарылмақ.

Жаңа машиналар лезде таратылды. Маши-

налардың көбі жаңадан ұйымдастырылған құрылыс тресіне берілді. Трест түрлі құрылыс, тұрғын үйлер салмақ. Мыңдаған жұмысшыларды қыс түскенше пәтермен қамтамасыз ету, болашақ комбинатты салу жұмыстары соларға жүктелген.

Поселок сыртында гүрілдеген мотор даусы үзбей естіледі. Бұл — экскаваторлардың үні. Алып машиналар күні-түні жұмыс істеп, кен шығатын жердің бетін ашуда. Қазірдің өзінде ұзындығы бірнеше километрлік зор аңғарлар қазылған. Кеншілер оны карьер деп атайды. Темір рудасы келешекте осы карьердің түбінен өндіріледі. Бұл үшін қазір қызу әзірлік жұмыстары жүргізілуде. Карьердің іші айқыш-ұйқыш темір жол линияларына толған.



Жаңа техниканы әкеліп түсіріп жатыр.

Суреттерді түсірген Ю. Немов.

Онда жүкті өздігінен түсіретін вагоншалар тіркеген паровоздар ерсілі-қарсылы ағылады. Олар карьердің түбіндегі топырақ жыныстарын тасып, сыртқа шығарады. Екінші карьердің сол жақ шетінде тағы бір экскаватор қойылған. Ол үш текшеметрлік шөмішіне топырақты лықсытып толтырып, жанында тұрған

25 тонналық самосвалға апарып төгеді. Ол машина жолға шыға берген кезде, екінші машина, онан кейін үшінші машина келіп тұра қалады. Соның өзінде олар экскаватордың алып қыймылына ілеспейді. Экскаваторшы Владимир. Ол шоферларды тез-тездің астына алып асықтырады.

Бұрнағы күнгі комсомол жыйналысында Владимир сменалық нормасын ұдайы асыра орындап, бір жыл ішінде 1 миллион текшеметр топырақ қазуға міндеттеме алды. Бұған қоса, өзімен бірге істейтін Павел Яковлевты социалистік жарысқа шақырды. Серт берсең орында. Сөзді жұтуға болмайды.

Бұлар карьер жасаушылар. Ал, темірді көп шөмішті электр экскаваторлар өндіреді. Өндірілген темір электровоздармен кен байыту комбинатына жеткізіледі. Онда байыту фабрикасына түсіріліп, өңделеді; ұсақталып, бөлшектенеді, күшті магниттер рудаларды әртүрлі қосымша жыныстардан тазартады. Бұдан кейін агломерациялық машина темірді күкірт тағы басқа зиянды қоспалардан ажыратады. Осылай өңделген өнім Магнитогор, Челябинск және еліміздің басқа да қалаларындағы металлургия заводтарына жөнелтіледі. Мәселен, комбинат 1960 жылы тәулігіне ондаған эшелоннан аса өнім береді. Бұл өнімдерден домна пештерінде шойын қорытылып, мартен пештерінде болат балқытып шығарылады.

Алты айдан аса ғана бұрын осы ара бос жатқан дала еді. Қазір адам танымастай өзгерген. Мыңдаған халқы бар қалашық орнаған. Екі қабатты тұрғын үйлер, клуб, жеті-жылдық мектеп, аурухана, магазин, өндіріс комбинаттары сыяқты мәдени, тұрғын үйлер салынған. Самсаған электр шамдары қалаға көрік береді. Ұзындығы 50 километрлік темір жол салынып, іске қосылды. Онымен күн сайын эшелон-эшелон құрылыс материалдары тасылуда.

Жазға қарай қала онан әрі көркеймек. Төрт қатарлы онжылдық мектеп, мәдениет үйі, пионерлер сарайы, екі қабатты тұрғын үйлер кварталдары салынады. Әрбір пәтерде төрт бөлме, ванна, су түтігі орнатылған, үйлер бу күшімен жылытылады.

Осылайша жаңа қала қанатын жыл сайын жая бермек. Ол енді біраз жылдарда еліміздің ауыр өндірістерін темір рудасымен мол жабдықтайтын, іргелі алыпқа, салтанатты, сәнді қалаға айналмақ.

Қ. Ерсарин.

СЛЕТКЕ ДАЙЫНДАЛ!

Отанға пайда келтіру қандай жақсы. Осы игілікті іс үшін, балалар, сендер бәрілерің де ұмтыласындар. Жас ұландардың көпшілігі осы бастан-ақ өздерінің тартымды да тамаша істерімен көзге түсуде.

Шығыс Қазақстан облысының Борашев орта мектебінің пионерлері жақсы оқумен бірге, қоғамдық істерге де белсенді араласып жүр. Ал, Павлодар облысындағы Сосновка селосының пионерлері тимурлік игі істер жүргізуде. Олар Отан соғысының мүгедектерінің семьясына, қарттарға, ауруларға көмектеседі. Үйде қолы сабақтан бос уақыттарында отын жарады, су әкеледі, кішкентай туыстарын ойнатады, оларға газет-журналдардан қызықты әңгімелер оқып береді, сөйтіп, ата-аналарына қолқабыс тигізеді.

Республикамыздың астанасында өткізілетін бұл слетке барлық пионерлер дружинасынан келетін делегаттар өздерімен бірге жасаған модельдерін, көркем түсті суреттерін, кестелерін, бала жанынан толқып шыққан өлеңдерін, әңгімелерін ала келеді. Модельшілердің өнерлері жас спортшылардың жарысында сынға түспек. Сол сыяқты жас барабаншылар, әншілер, бишілер де өз өнерлерін жұрт алдында көрсетеді.

Слет делегаттары өндіріс жаңашылдарымен, оқымыстылармен, артистермен, спорт шеберлерімен кездеседі. Алматыдағы жаңалықтармен танысады. Бір күндік жорыққа шығады.

Балалар, сендер бұл слетке қатысуға мүм-

кіндік алу үшін дружиналар арасында, звенолар арасында оқу сапасын арттыруда, т. б. қоғамдық жұмыстарда жарысты үдетіндер. Слетке дайындық жолында әлі де талай жұмыстар істеуге болады. Жас техниктердің, натуралистердің, физиктердің, математиктердің, географтардың, тарихшылардың, әдебиетшілердің конкурсын ұйымдастырындар. Жорықтар ұйымдастырып түнеген жерге костер жағып, тамақты жылдам да, тәтті де пісіруге дағдыланғандарың жөн. Морзенің әліппесін үйреніп, компастармен жан-жақты бағдарлай білу, азимутпен жүруді үйрену, футболды, волейболды шебер ойнай білу — бәрі сендердің төл істерің.

Ұйымдасқан түрде туған колхоздарыңның болашағымен таныссандар, кейбір ауылшаруашылық машиналарының құрылысын оқып үйренсеңдер тіпті жақсы болады.

Оқу кабинеттерін жабдықтандыру үшін көрнекті құралдар дайындандар. Мектепті, ауылды электрлендіруге, радиоландыруға көмектесу оқушы-пионерлердің негізгі міндеті.

Колхозда жүгері өсіруге, төл күтуге көмектесу әрбір пионерлердің партияның XX съезі Директиваларын орындауға ат салысқаны болып табылады. Мұндай пионерлерге үлкендер де алғысын айтады.

А. Горбунова.

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті оқушы жастар мен пионерлер бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

ІЛЕ ҚАЗАҚ АВТОНОМИЯЛЫҚ ОБЛЫСЫ

Балалар, біздің республикамыздың шығыстағы көршілерінің бірі — Ұлы Қытай халқының территориясы — Синьцзян өлкесін бірнеше мыңдаған қазақтар мекендейді. Олар 1954 жылы 28 ноябрде автономиялы облыс болып құрылды. Бұл аймақта қазақтармен бірге ұйғыр, қытай тағы басқа халықтар да тұрады.

Талай ғасыр феодалдық тәртіптің шырмауында болған Синьцзян өлкесіндегі қазақ халқы ұлы қытай халқының бостандыққа құлшынған күрес жеңісінің нәтижесінде бақыт таңын көрді. Келешекке қуана қарады. Жаңа мектептер салынды. Күн сайын таңертең кітаптарын қолтығына қысып мектепке қарай асыға басып кетіп бара жатқан ауыл балаларының жүзінде қуаныш лебі еседі. Үйткені, оларды білім ордасы — мектеп күтеді. Сондықтан да, жас буын күлімдейді, қуанады.

Балалардың оқу сапасын жан-жақты жақсарту

беру үшін әр мектептің жанында пионер ұйымы жұмыс істейді. Бұл ұйымға сабақты жақсы оқыттын үлгілі жастар тартылады. Өнерге талпынған мыңдаған жас өспірімдерді көріп бұл аймақта да саналы интеллигенттердің өсіп келе жатқанына шүбә келтірмейсің.

Аймақтағы тұрғындардың мәдениетімен қатар ауылшаруашылығы да, өнеркәсібі де өсіп өркендеуде. Іле өзенінің алқабындағы Тянь-Шань тауының бөктерлерінен қуатты тас көмір кені табылып отыр. Алтай таулары алтын және түсті металдарға бай. Жасырын жатқан жер қазнасын халық пайдасына асыру жолында көп жұмыстар істелуде. Келер күн бұл аймаққа келелі табыс әкелетіні сөзсіз.

Үйткені, халық билеген жерде табыс бұлағы тасқындай бермек.

А. Туғанбаев.

В. И. ЛЕНИН МУЗЕЙІНЕ 20 ЖЫЛ

...Сан ғасырдың айғағы болған Москва Кремьлімен іргелес әсем өрнекті қызыл үй тұр. Ертеңнен кешке дейін осы үйден халық үзілмейді. Шұғыл жұмыспен келген жолаушы болсын немесе станок жанынан жаңа ғана шыққан жұмысшы болсын бұл үйге соқпай өте алмайды. Бұл — В. И. Ленин музейі.

Міне, сіз музей ішіндесіз.

№ 1 зал. Бұл залдағы алдымен көз тоқтатып назар аударатының ағаштан қыюлап жасаған шатырлы қызыл үй. Владимир Ильич Ульянов (Ленин) 1870 жылы 10 (22) апрельде тап осы үйде дүниеге келді. Осы үйде көсемнің бір ізі сақталғандай әлсін-әлсін қарай бергің келеді. Соның тап қасында тағы бір сурет. Оның астынан «Ульяновтардың семьясы» (1879 жыл) деген жазуды оқыңыз. Жайдары әке жүзі мен мейрімді ана келбеті ізгілік пен әдептіліктің, аса бір жылылық сезімнің кейпін еркін аңғартады. Семьяның алты баласының ішінен кішкентай Володяның сүйкімді жүзі мен отты көзі ерекше көрінеді.

Володяның әкесі — Илья Николаевич бастапқыда Симбирск губерниясы халық училищесінің инспекторы, кейіннен оқытушы болып қызмет етеді. Илья Николаевич еңбексүйгіш, табанды, өзіне де, өзгеге де талап қойғыш, ойлы адам болады. Сол қасиеттерді балаларының бойына сіңіруге тырысады. Ал, анасы Мария Александровна да білімді, мәдениетті адам. Ол балаларын адал, білімді идеялы адам етіп тәрбиелеуге көп көңіл бөледі.

Володя бес жасында анасынан хат таныды, яғни оқуды үйренеді: оның зеректігі жас кезінен-ақ сезіледі. Балаларға арналған кітаптар мен журналдарды, әсіресе, Володя мен оның кіші қарындасы Оля өте сүйіп оқиды. Кешікпей бұлар орыс тарихы әңгімелерін оқып, өлең жаттай бастайды. Жастайынан кітап оқу әдетіне айналған Володя гимназияда жүрген кезінде орыс классиктерімен танысып, ой-өрісін кеңейте, дүние тануын тереңдете түседі. Залдың бір бұрышында Володяның гимназиядағы кезін бейнелейтін документтер мен экспонаттар тұр. Алдымен сырты ескірген қалың-қалың кітаптар көзге түседі. Оның астында «Бұл — В. И. Лениннің гимназияда жүріп оқыған кітаптарының бір бөлегі» — деп жазылған. Солардың ішінде Карл Маркстің «Капиталы», В. Г. Чернышевскийдің «Не істеу керек» деген романы, А. С. Пушкиннің, И. С. Тургеневтің, тағы басқаларының шығармалары бар. Көз алдымызда Володяның

гимназияда жүргенде қалай оқығанын, оның тәртіптілігін, мұқияттылығын көрсететін документтер тұр.


— Мынау — Володяның IV класс бітіргендегі табелі, — дейді таныстырушы шыны астындағы мөр басылып, мұғалімдер қолы қойылған бір қағазды көрсетіп. Барлық пәндердің тұсында 5, соның орта шеніндегі бір графада 1, 2 деген цифрлар тұр. — Мұны сабаққа қойылған баға деп ұқпаңыздар, — дейді ол тағы да. — Володя ешуақытта мұндай баға алып көрген емес. Бұл оның бүкіл жыл бойы кешірімді себеппен ғана қалған сабақтары. Не бары 10-ақ сағат.

Он жеті жасында гимназияны үздік бітірген Володя Казань университетінің заң факультетіне оқуға түседі... Осыдан бір жыл бұрын, 1886 жылы, Владимир Ильичтің әкесі өліп, семьяға үлкен ауыртпалық түседі. Ол кезде үлкен ағасы Александр Петербургте болады, ас көтерер адам Володя болады да, жастығына қарамастан анасына көп қолқабыс тигізіп, жәрдем көрсетеді. Ал, келесі жылы Володя гимназияның соңғы класында жүрген кезде оның семьясы тағы бір бақытсыздыққа ұшырайды. Александр III патшаны өлтіру әрекетіне қатысқаны үшін, оның ағасы тұтқынға алынады. Бұл хабарды Владимир Ильич алдымен естиді, мәселенің түбі жақсылыққа соқпайтынын бірден сезеді. Ленин ойлағандай,

ағасына өлім жазасына кесіліп, 1887 жылы 8 майда дарға асылады. Владимирге туған ағасынан айрылу қаншама қыйын соқса да, ол өзің берік ұстайды, қайғыға мойымайды. Алаңсыз оқуын оқып жүре береді. Бірақ ол күннен-күнге тұйықталып, салмақтама бастайды. Сол кезде Владимир ағасының таңдаған жолы дұрыс емес пе дегенді көбірек ойлайды. Ол анасын жұбатып тұрып, «Жоқ, сіз бұл жолмен жүрмейміз, басқа жолмен жүреміз» — деп кесіп айтады.

1887 жылғы I марттағы патшаға жасалған қастандық әрекеттен кейін бұрынғы жанға батқан аяусыз қанаушылық, онан әрі күшейе түседі.

Бұл әділетсіздікке қарсы студенттер наразылығы туады, дүмпу Казань университетінің студенттерін де шарпыйды. Оған Владимир Ильич Ленин де қатысады. Сол үшін университеттен шығарылып, Ленин қамауға алынады. Түрмеге қамалған бір топ студенттер Лениннен: «Ал, Ульянов, сенше, сенің не істейтін ойың бар?» — деп сұрайды. Сонда ол алдында бір ға-



В. И. Ленин музейі.

на жол — революциялық күрес жолы барын айтады.

Музей залында В. И. Лениннің университетке қайта алуын өтініп жазған арызы сақталған. Бірақ оған рұқсат етілмейді, осыдан бастап Владимир Ильичке мектеп есігі жабылады. Оған бұдан бұрын, яғни, гимназияны бітірерде, алтын медаль берілмейтіндей бір хауіп туған еді. Бірақ сегіз жыл бойы үздік оқыған, әрі бітіру емтиханында берген жауаптары мінсіз болғандықтан алтын медаль беруден бастартуға негіз болмады. Оның керісінше, гимназия дирекциясы мақтаулы мінездеме беруге мәжбүр болды. Сол мінездеме музейде сақтаулы. Ол міне «Аса талапты. Эрдайым тыңғылықты және ұқыпты Ульянов барлық кластарда оқушылардың маңдайалды болды және курсты бітірерде оқу үлгірімі, ой-өрісі мен тәртібі жөнінен ең лайықты оқушы ретінде алтын медальмен наградталды».

Ал, университетке қайта алынуға Лениннің оқуға ынталылығы мүлде еске алынбады. Бірақ ол кейіннен емтихан тапсыруға право алып, ақыры университетті бітіреді.

Ленин әуелі — Казаньда, сонан соң Самарада болып, еңбекшілердің күресіне барлық күшін жұмсады, қыйыншылықтан қорықпайтын нағыз ержүрек революционер болып қалыптасады. В. И. Ленин Повольжьеде жүріп еңбек адамдарымен тікелей араласады, шаруалар мен қала кедейлерінің қайыршылық халін, қараңғылығын, правосыздығын көреді. Ол орыс еңбекші бұқарасымен бірге басқа ұлттардың еңбекшілері де аяусыз езілгенін айқын сезеді.

Музейде В. И. Лениннің революциялық қызметін, Горкадағы соңғы өмірін көрсетуге 18 зал арналған. Мәселен, бір залда РСДРП II съезі және сол кезде жазған «Не істеу керек» — деген еңбегі көрсетіледі, екінші залда 1905 жылғы революция мен партияның III съезі, үшінші залда 1917 жылғы революция көрсетіледі. Сол сыяқты музейден В. И. Лениннің шетелде эмиграцияда жүріп, орыс пролетариатының күресіне қалай басшылық жасағаны, партияның орталық органы «Искраны» шығару жолындағы істері туралы көптеген документтер бар. Міне, сіздің алдыңызда В. И. Лениннің «Империализм — капитализмнің жоғарғы сатысы» деген еңбегіне арналған стенда. Одан мынадай сөздерді оқыйсыз. Ол осы еңбегін жазу үшін 148 кітаптан (оның 106 неміс тілінде, 23 французша, 17 ағылшын тілінде) және 232 мақаладан конспект жасап, пайдаланған. Бұл бір ғана факты. В. И. Лениннің буржуазиялық уақытша үкіметтің тіміскілеуінен жасырынып, Москва түбіндегі Разлив

станциясында тығылып жүрген кезі 10-залда көрсетілген. Ол басында станция жанындағы бір шаруаның үйіне жасырынады, бірақ бұл да хауіпті болғандықтан шатырға паналайды, онан соң, яғни 1917

жылдың 18 июлінен 2 августына дейін Разлив көлінің жағасындағы шатырға жасырынады. Қазір оларда В. И. Ленинге орнатылған ескерткіш бар.

Совет мемлекетінің бейбітшілік сүйгіш саясатын дәлелдейтін тұңғыш декретіне В. И. Лениннің қол қойған қаламы да сақталған. Кейінгі залдарды бірінен ұлы адамның қол сағаты мен қалта сағатын көресіз. Ленин осы сағатпен депутаттар советінің мәжілісіне баратын. Сағаттың әрбір минуты Ленин үшін есептеулі еді.

Музейдегі көптеген документтер В. И. Лениннің еңбекші бұқарамен тығыз байланысын, оның халыққа деген ерекше қамқорлығын сыпаттайды.

Бір залда үлкен картина тұр. Оның астына «В. И. Лениннің Петроградқа келуі» деп жазылған. Фин вокзалы. Вагоннан шыққан Владимир Ильичті жұмысшылар қолдарымен тік

көтеріп, броневик үстіне мінгізеді. Сол жерде тұрып, Ленин жұмысшыларды социалистік революцияның жеңуі үшін күреске шақырған атақты сөзін сөйлейді. Сөзінің аяғына В. И. Ленин «Социалистік революция жасасын!» деп ұран тастайды.

Музейдің соңғы залдарында В. И. Лениннің елімізді электрлендіру, халық шаруашылығын нығайту жолындағы қызметін көрсететін документтер бар.

Ленин өмірінің соңғы кезеңін Горкада өткізеді. Бұл жайды көрсетуге арналған тағы бір зал бар.

Пролетариаттың ұлы көсемі, ұстазы және ақылшысы Владимир Ильич Ленин 1924 жылы 21 январьда қайтыс болады. Лениннің өлімі әрбір адал ниетті адамның жанына қатты батады. Оған бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері қайғырады.

В. И. Ленин музейінде болған әрбір адам өздерінің ең жылы лебізін көсемге арнайды. Олар Ленинше оқуға, Ленинше өмір сүруге, Ленинше еңбек стуге серт береді.

В. И. Ленин музейі ашылғанына быйылғы 15 майда 29 жыл толды. Сонан бері онда 14 миллионнан астам адам болды.

Е. Мадиев.

Москва.



Ульяновтардың семьясы.

АТОМ АДАМҒА ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Техника ғылымдарының докторы профессор С. В. Стародубцевтың әңгімесі

Кеме тұнжыраған қараңғы Поляр түнінде жылжып келеді. Оның қарсы алдындағы зәңгәр мұзды күйретер күш жоқ тәрізді көрінсе де, ол алға ұмтыла түседі.

Бұл келе жатқан — атом қуатымен жүретін мұзжарғыш кеме. Оның қозғағыштарының қуаты сұрапыл күшті — 44 мың аттың күшіне пара-пар, бұл қуат тәулігіне қолданылатын әлденеше ондаған грамм ураннан алынады. Сондықтан енді оған пәленбай мың тонна көмір тиеу тоқтатылып, басы артық жүк тасу қойылды.

Мұзжарғыш керуені солтүстік теңіз жолындағы мұз тауларды бұзып-жарып мезген жерге жетеді де, онда отын тиеуге қымбат уақытын бекер жіберместен, қайта сапарға шығады. Өйткені ондағы атом отыны екі жарым жылға жетеді.

Кеменің үстінде де ғажайып нәрселер көп. Мұнда кочегар жоқ — оның орнын басқарушы пультта отырған операторлар басқан. Капитан кемені басқару ісінің деніне жуығын автоматтық жүйенің көмегімен жүзеге асырып отырады. Жүздеген күрделі аспаптар мұзжарғыштың өзі ертіп келе жатқан кемелер керуенімен байланыс жасауына, жүзу сапарының хауіпсіздігін қамтамасыз етуіне көмектеседі. Оның үстінде алыс айналаға барлау жасап отыратын екі вертолет бар...

Қыял ма осы? Жоқ, достар, менің сендерге қысқаша айтып бергенім сыяқты мұзжарғышты салу ісі қыял емес, ол — таяу жылдарда болатын іс. Бұл қуатты кеменің әбден жүйелеп жасалған жобасы қазірдің өзінде бар және атом қуатымен жүретін мұзжарғыш кеме жасауға еліміздің кеме жасаушы заводтарының бірі кіріскен де.

Жаңа атом электр станцияларын салуға әзірлік жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр. Алтыншы бесжылдықта жалпы қуаты екі жарым миллион киловаттық атом электр станцияларын салу жоспарланғанын сендер жақсы білесіңдер. Ал, Совет Одағындағы тұңғыш салынған атом электр станциясы бес мың киловаттық қана. Міне, осы орасан алға басуды қалайша жүзеге асыру керек?

Атомшы ғалымдардың алдына қойылған міндеттердің қаншалықты қыйын екені сендерге түсінікті болу үшін, қазіргі заманғы атом электр станцияларының жұмысы неге

негізделгенін еске алайық. Реакторде — атом қазанында — уран ядросы жарылады. Осы жарылу арқасында жылу пайда болады да, ол суды ысытады. Қатты қысымда осы су жылу таратқыш су деп аталады. Бұл су түтікпен жүріп, екінші бір суды ысытады да буға айналтады. Сонан кейін осы бу электр машинасы — генератормен жалғастырылған бу турбинасын жүргізеді.

Алайда аса қуатты атом электр станцияларында су ендігі жерде жақсы жылу жеткізгіш бола алмайды. Жылулықты жақсы пайдалану үшін басқа бір жылу жеткізгіш керек болады. Осы мақсатқа бола физик ғалымдар енді гелий газы мен сұйық натрийді сынға салып, қуатты атом электр станцияларында жылылық алмастырудың қолайлы жағдайларын іздестіріп жатыр.

Қазір реакторлар құрылысын жақсарту, атом қуатын өндіруді арзандату жұмыстары да жүргізіліп жатыр.

Жуыр шаққа шейін арман ғана болып келген — қуатты атом электр станцияларын салуды жүзеге асыру ісіне қазіргі заманғы техника, міне, осылайша кіріскен.

Ал, атом қуатын реакторге — атом «қазанына» соқпастан, аз-аздан болса да, тура электр қуатына айналдыруға болмас па? Бұдан не болғаны бірнеше жыл ғана бұрын бұл ойлар да тек өліктеу қыялы болып есептелген еді, ал қазір атом қуатын тура электр тогыне айналдыратын аспаптар да жасалып қалды.

Біраз уақыт өткеннен кейін ғалымдардың өзге де батыл ойлары жүзеге асатыны сөзсіз. Олар атом қуатын тек сирек кездесетін заттар — уран мен торийден ғана емес, су тегі тәрізді, табиғатта көп кездесетін химиялық элементтерден де алуды үйренеді. Бұл міндет шешілгеннен кейін адамзат өзінің өмір сүруіне отын запасы жетпей қалады деп қам жеместен, тыныш отыра бере алатын болады. Көмір мен мұнайды пайдаланудың да қажеті болмай қалады, олардың орнын атом «отыны» басады. Міне, сонан кейін самолеттер, кемелер, поездар аса күшті атом қуатымен жүреді және күшті атом қуатымен планеталар арасына самғау еншісіне тиетін жеткіншектердің осы әңгімені оқып отырғандардың арасынан шықпасын кім білсін...



КӨЗГЕ ТҮСПЕЙТІН ДҮНИЕГЕ ЖОРЫҚ

ЛЕВЕНГУКТИҢ ШИШАСЫ

Әйнек құюды, әйнектің көргіштігін (затты үлкейтіп көрсетуін) арттыруды арман еткен жас ғалым Левенгук бұл жайында оқымаған кітабы, істемеген әрекеті қалмады. Өзінің кішкене мастерскаясында отырып алып, ол ерінбей, жалықпай шиша құюмен болды.

1673 жылдың бір күні еді. Жас ғалым ең ақырғы құйып шығарған кішкене дөңгелек әйнекшесін көзінің алдына тосты да, әлденеге таңданғандай, қуанып кетті. Бірақ өз көзіне өзі сенбегендей, үнсіз киініп алды да, күндегі әдетін бұзып, бірінші рет мастерскаясынан ерте шығып, үйіне жол тартты.

Қанша серілмек болса да, ауыр ойдан арыла алмай келе жатқан Левенгук үстінен шелектеп құйған жазғы жылы жаңбырдың астында қалғанын бір-ақ сезді. Басына пана іздеп, жауыннан қашқан ғалым жол бойындағы кішкене аласа ғана бір үйдің ығына келіп паналады. Жаңбырдың бәсеңдеуін күтіп, тұрғанда ойда жоқ жерден бір жағдай Левенгуктің назарын өзіне аударды. Ол үстіне киген көне, шолақ пальтосының жеңіне сол өзі ықтап тұрған үй төбесінен тамған су тамшылары еді. Тырс... Тырс... Левенгук қойын қалтасынан өзі құйып шығарған кішкене дөңгелек әйнекшесін алып көзіне тосты да, нем кетті деген адамша тамшыларға үңілді. Үңілді де, екі көзі тікірейіп, әйнекшені тесіп жібергендей болды. Бір емес, әлденеше қабат қарады. Қа-

раған сайын тамашаға кепеліп, құя жауып тұрған жаңбырды ұмытып та кетті. Басқаны қойып, ол енді тамшы аулауға кірісті. Үйден-үйге, қорадан-қораға жас балаша жүгіріп, тамшы жатқан тамшыларды қағып алып қарайды. Тіпті көшелерде кетіп бара жатқан кісілерден де, олардың зонтиктерінен тамған тамшыларды да қағып алып, қарап жатты. Левенгукті осы жағдайда көрген қала халықтары: «Байғұс, мастерскаясында күні-түні сарғайып отыра бергендіктен, ақылы ауысқан ғой, сыйқын қарашы», — десті.

Дұрысында, Левенгуктің жаңбыр суын тізесінен кешіп, тамшы аңдуында үлкен мән бар еді. Ғалым тамшылардан бұрын тарихта болмаған, болады деп сол замандағы адам баласы ешбір ойламаған жаңа дүние, жаңа сыр ашты. Бұл жаңалықты ашуға Левенгуктің өзі шығарған кішкене шишасы көмектесті. Әйнекше көзге шалынбайтын, өте ұсақ, уақ заттарды әлденеше қабат ірілендіріп, өсіріп көрсетті. Соның арқасында ғана бізді қоршаған айналамыздағы «жаңа дүниені» — микробтар дүниесін ашуға мүмкіншілік туды. Левенгуктің шишасы көзге ілінбейтін өте ұсақ жәндіктерді екі жүз жетпіс мәртебеге дейін өсіріп, үлкейтіп көрсетті. Бұрын көз жанарына түспейтін заттар енді көріне бастады, олардың сырларын ашуға мүмкіндік туып ғылымда жаңа кезең басталды.

«Мен бір ғана су тамшысында сыймай құжынап жүрген өте уақ «аңшықтарды» өз көзіммен көрдім.

Олардың теңіздегі портандай жан-жаққа секіріп жүргені мені өте таңғалдырды. Осы ұсақ аңшықтардың ішіндегі ең ірі дегенін нағыз үлкен биттің көзімен салыстырғанда одан мың есе кішкене екені маған енді айдап анық» — деді Левенгук.

Су тамшыларында көрген «хайуанатшықтарды» ол басқа орындарда да: мал көңінде, піріген, ылас заттарда, жер бетіндегі топырақтарда көз тұнарлық толып жүргенін тапты. Ол тіпті өз тістерінің арасында қыстырылып қалған ет қыйқым-қалдықтарын тұн асқан соң алып тексеріп: «Менің аузымда қоректеніп жүрген уақ жәндікшелер (микробтар) бүкіл Голландиядағы тұрғын халықтардан да көп» — деп есептеп шығарды.

Левенгуктің ғылыми жаңалығы жыл өткен сайын дамып берді. Ғылымның және жалпы техниканың дамуына байланысты Левенгук әйнекшесі де (микроскоп) сол кездегіден анағұрлым өзгеріп, көргіштігі арта түсті. Левенгук шишасы екі жүз жетпіс мәртебе өсіріп көрсетсе, жыйырмасыншы ғасырдың басындағы микроскоп 1200—1500 мәртебеге дейін өсіріп көрсететін дәрежеге жетті. Ал, қазіргі біздің микроскоптар 2500 мәртебеге дейін өсіріп көрсете алатын болды. Бірақта адамға өте қауіпті грипп, балалар параличы, шешек секілді кейбір ауруларды жұқтыратын микробтар (вирустар) өте уақ болғандықтан, тіпті осы микроскоптардың да «көз» жанарына ілінбей қойды.

Сөйтіп олар көп уақыт сырғын аштырмай келді. Ауруды қоздырушы зат белгісіз болғандықтан науқасты емдеу дәрігерлерге қиынға соқты. Тек соңғы жылдардағы ғылымның жетістіктері нәтижесінде ғана жаңадан электрондық микроскоп жасалып шығарылды. Бұл аспап бұрынғы микроскоптарға қарағанда әлдеқайда көргіш, ол жүз мың мәртебеге дейін үлкейтіп көрсетеді. Осы микроскоптың арқасында қазір вирус секілді өте майда микроб түрлері толығымен ашыла бастады. Сөйтіп жоғарыдағы айтылған кейбір жұқпалы, қауіпті ауруларды болдыратын вирустар енді толық ашылған соң, бұл ауруларды мүлдем жоюға толық мүмкіншілік туып отыр.

МИКРОБТАРДЫҢ ТҮРІ, ӨСУІ

Микробтар үлкен екі топқа бөлінеді. Бірінші түрі адамға зиянды, оларға түрлі жұқпалы ауруларды жұқтырады, елді індетке ұшыратады. Екінші түрі адам тіршілігіне, жер бетіндегі өсімдіктер өміріне өте пайдалы. Мәселен, сүтті ұйытатын, жемісті шарапқа айналдыратын, ашытқылық қызмет атқаратын микробтар.

Осы айтылған екі түрлі микробтар тобынан басқа олардың үшінші топтары барлығын бірінші рет, 1886 жылы академик Н. Ф. Гамалея дәлелдеді. 1892 жылы ғалым Д. И. Ивановский оның жорамалын анықтап, жоғарыда айтылған вирусты ашты. Микробтың ең зәрлісі, адамға қауіпті ауруларды көп тарататын түрі де осы вирус.

Ғалымдар алдында бір үлкен жұмбақ тұрды. Ол микробтардың қалай ұрпақтануы, өсіп, тұқым көбейтуі еді. Өйткені мұны білудің маңызы өте зор еді. Себебі: адамға зиянды микробтарды жойғымыз келсе, олардың өсіп-өнуін тоқтату керек болады. Немесе пайдалы микробтардың тез өсіп, көбеюі үшін оларға қолайлы жағдай туғызуға тура келеді. Ғалымдар микробтардың да өсіп, көбейіп отыратынын ашты. Бірақ та микробтар адамға, өзге хайуанаттарға қарағанда, өзге жолмен өсіп көбейеді екен. Микробтар өнер алдында сопайып, белдігі жіңішкереді. Бір авдан кейін осы жіңішкерген белдіктен микроб денесі екіге бөлінеді яғни екі жас микроб пайда болады. Ал, бұл екі микроб тағы да осы жолмен өнеді. Сөйтіп бір микробтан екі... төрт... сегіз... он алты... микробтар туады. Микробтар өте тез өнгіш, өсімтал келеді. Олар әрбір 20—40 минутта


кейде тіпті 15 минутта екі-екіге бөлініп, көбейіп отырады.

«Бір жарым тәулік ішінде жалғыз микробтан өсіп-өнетін «немерешөберелерін» жыйнасақ, жүз вагондық бір поезды толтырар еді, ал сол микробтың «немерешөберелерін» бес-алты тәуліктен кейін жыйнасақ, бүкіл жер бетіндегі барлық мұхиттар мен теңіздерге зорға сыяр еді» — дейді микробтың өсуін зерттеуші ғалымдар.

Бірақ та күнделікті тәжірибеде мұндай жағдай кездесе бермейді. Неге десеңіз жаратылыста мынаны байқаймыз: Микробтар өсіп-өніп тұрған орта көбіне қолайлы соғып отырмайды, қорек жетіспейді, ыстық-суықтық, микробтар арасындағы өзара дұшпандық оларды сағат-минут сайын миллиондап қырғынға ұшыратады. Мінеки, жоғарыда айтылғандай микробтардың байтақ көбеймейтін себебі осыдан. Алайда, микробтар өзге хайуанаттармен салыстырғанда бәрібір тез өсіп көбейетінін естен шығармау керек.

МИКРОБТАР ҚОРЕКТЕНЕ МЕ?

Тірі жануарлардың өмір сүруіне керекті үлкен бір шарт — олардың тамақтануы. Ал, көзге ілінбейтін ұсақ жәндікшелер қоректенеміз ме? Қоректенетін болса, қандай азықпен қоректенеді? — деген сұрақ ғалымдар алдына талай рет тұрды. Тіршілік өмір қорексіз, азықсыз болмайды ғой. Олай болса, микробтар да ірі жан-жануарлардай қоректеніп өмір сүреді, — деген пікір ғалымдарды шәктендірмеді. Ал, микробтар өз қорегіне пендей азық-түлікті пайдаланады? Бұл жайында



Микробтың түрлері.

бір түйінге келу оңай болмады. Өйткені көзге түспейтін майда жәндікшелердің қоректенуін микроскоп арқылы да байқау мүмкін болма-

ды. Олар микробтардың қандай азық-түліктермен қоректенетінін табу үшін алдымен олардың дене құрылысын тексеруді қолға алды. Микробтардың дене құрамын химиялық жолмен талдай тексере келгенде, олардың денесі ірі жануарлар секілді көмірлі су тегінен (углерод), су тегінен (водород), азоттан тұратыны анықталды. Осы айтылған негізгі элементтерден басқа, микробтар денесінде: фосфор, күкірт, калий, кальций, натрий, магний, хлор секілді элементтер де барлығы ашылды. Сол сияқты, белок пен май да болатыны байқалды. Сөйтіп бактериялар қоректенетін азық-түлік түрлері ірі жануарлар қоректенетін тамақтардан айырмашылығы жоқтығы мәлім болды. Бұл тамақ түрлерін микробтар ірі хайуанаттардай ішіп-жемейді, олар өз өміріне керекті қоректік азықтарды еріген түрінде денесі арқылы сорып, бойына сіңіріп отырады. Ерімеген, не ерімейтін тамақ түрлерін микробтар бойына сіңіре алмайды.

МИКРОБТАР ТЫНЫСТАНА МА?

Тыныссыз өмір, тіршілік жоқ. Мәселен, адам тыныстанғанда бір жағынан сырттағы таза ауаны ішіне, денесіне сіңірсе, екіншіден, бұзылған, тозған көмір тегі секілді зиянды газды дем арқылы денеден сыртқа шығарады. Бұл айтылғандардан тіршілік-өмірдің басты бір белгісі демдену-тыныстану екені айқын көрініп тұр.

Микробтар да табиғаттың осы заңына бағынады. Олар да таза ауаны керек етеді. Алайда, ғалымдар микробтардың кейбір түрлері ауасыз да өмір сүретінін тапты. Микробтардың бұл тобы таза ауада, кислород қатысқан органдарда өмір сүре алмайды, тез қырылады. Сондықтан олар ауа жетпейтін жер қыртысының төменгі қабаттарында, өзен түптерінде, құмды жерлерде, балшық-сазды орындарда өсіп-өнеді.

ОРТАНЫҢ МИКРОБТАРҒА ӨСЕРІ

Микробтар да өздерінің тіршілігіне қолайлы қоныс, ыңғайлы жағдай іздейді. Микробтарды қоршаған ортаның ауа райы жағымды, азық-түлігі мол келсе, микробтар өрбіп, тез көбейеді. Ал, ортаның жағдайы қолайсыз болса, микробтар өсу орнына өшіп, қырыла бастайды.


Микробтарға «жағымды» және оларға «қолайсыз» жағдайларды

СУРЕТ ТҮСІРІП ҮЙРЕН

II-ші әңгіме

КОМПОЗИЦИЯ

Фотосуретке түсіргенде, ең алдымен фотоаппаратты суретке түсіретін адамға немесе затқа дұрыс туралай біл. Мұның мәні мынада: түсірілетін объектінің суреті аппараттың бейне тапқышына толық сыйып тұрсын және одан анық көрінетін болсын. Түсірікті болуы үшін мынадай мысал келтірейік. Сен жай көзбен қарағанда, алдыңдағы үлкен үй толығымен көрініп тұрады. Ал, осы кезде объективтен қарасаң, осы үйдің бір бөлегін ғана көресің. Объектив арқылы жаңағы үйді тұтас көру үшін саған біраз кейін шегініп, объективке үйдің бейнесі түгел сыятындай жерге барып тұру керек болады. Егер үйдің биіктігі 10 метр болса, аппараттыңмен сен одан 10 метр қашықтайсың. Сонда суретке түсіргелі тұрған жа-




ңағы үйді аппараттың бейне тапқышынан толық көресің. Осындай әдіспен адамды 2—2,5 метр жерден суретке түсіресің.

Әрине, бұл міндетті түрде орындалуға тиісті нәрсе. Сурет жақсы шығуы үшін бұдан басқа жағдайларды да ескеру керек. Мәселен, бір үйдің суретін алуан түрлі етіп түсіруге болады. Сондықтан тәжірибелі суретші мұндайда осы үйдің суреті қалай түсіргенде әдемі болып шығатынын ойластырады. Әдемі сурет алу үшін жаңағы үйді қай жерден түсіру керектігін анықтай біледі яғни композиция құра біледі.

Тағы да бір екі мысал келтірейік. Экскурсияға шыққандарыңды суретке түсіргенде, әрине, санқа тұрып келе жатқандарыңды ғана бейнелей салуға болады. Бірақ бұл онша қызықты сурет болып шықпайды. Экскурсияда колхозда боласыңдар, тауды аралайсыңдар т. т. Міне, осыны да көрсетіп, сурет арқылы бейнелей білу керек. Сонда суретке қарап жібергеннен-ақ, мыналар тауға саяхаттаған екен, колхозды көріп қайтқан екен деп түсіне кетесің. Ол таудың табиғатына сүйсінесің. Колхоздың қандай екендігі жөнінен де бірсыпыра мәлімет алып қаласың. Демек бұл сыяқты суреттер шындық өмірді бейнелейді. Яғни сурет түсіргенде құр әйтеуір сурет түсіре салайын демей, бұл іске өмірді, күнделікті оқуды, еңбекті, өлкеміздің, Отанымыздың көркін, байлығын, ұлылығын көрсету тұрғысынан да қарау керек.

ЖАРЫҚ СӘУЛЕНІҢ РОЛІ

Суретке түсірілгелі тұрған объектіге жарық сәуленің қалай түсетінінің орасан зор маңызы бар. Су-



Сурет: Оң жақта — «Любитель» маркалы фотоаппараттың ортасынан қақ жарғандағы көрінісі. Ортада фотоаппараттың принциптік схемасы: 1-объектив, 2-сәуле өткізбейтін камера, 3-пленка, 4-бейне тапқыштың алдыңғы линзасы (қырлы әйнегі) 5-бейне тапқыштың жоғарғы линзасы, 6-айпа, 7-сәуледен қорғайтын өзек, 8-күңгірт түсті түйме, 9-луна, 10-затвор (шаппа), 11-әкеліп жалғастыратын катушка (шарғы), 12-қабылдағыш катушка, 13-штатив ұясы: тұғыр ұясы), 14-кадрлардың номерін байқап отыратын қызыл әйнек.

тану аса қажет. Себебі: адамға хайуанатты кеселдерді жұқтыратын микробтармен күресу үшін ортаны өзгертіп, мұндай микробтарға «қолайсыз» жағдай туғызсақ, олар тез құрыпды. Сөйтіп жұқпалы аурулардан халықты аман сақтауға болады. Ал, микробтардың адамға пайдалы тұқымдарын әлпештеп тез өсіру үшін ғалымдар оларға арнап ыңғайлы қоныстар тапты. Микробтардың тез өсуіне керекті жағдайдың бастысы — ортаның температурасы. Әртүрлі микробтар өздерінің өсіп-өнуіне арнаулы жылылық тілейді. Микробтар жайлаған ортаның температурасы көтеріліп, тиісті мөлшерден асып кетсе не өте төмендеп кетсе, ондай ортада микробтар тіршілік ете алмайды.

Бізді қоршаған микробтар ыстық-суыққа төзуі жағынан үш жікке бөлінеді: ашытқылық және грибоктық микробтар. Олар өздерінің өсуіне 20—25 градус жылылықты тілейді. Егерде бұл микробтар жайлаған ортаның қызуы төмендеп, үш градусқа түссе, болмаса жоғары көтеріліп, 45—50-ге жетсе, олар тіршілігін тоқтатады.

Микробтардың екінші түрлері ортаның жылы болуын тіпті сүймейді. Олар салқынды тілейді. Тек қана он мен алты градус жылылықта кейде ноль градустан ғана өсіп көбейеді. Салқын сүйгіш микробтар, көбінесе, солтүстік жақты мекен етеді.

Микробтардың үшінші түрі салқынды жек көреді. Олар өздерінің өсіп-өнуіне елу-алпыс градус жылылықты тілейді. Микробтардың бұл түрі ыстық жерлерде, шілде айларында көп өседі. Ғалымдар зиянды микробтармен күресу, пайдалы микробтарды өсіру үшін ортаның температурасын өзінің қалауынша өзгертіп отырады. Егерде ортаның температурасын көтеріп, жоғарылатсақ, микробтар тез қырылады. Ал, қызу төмендесе, микробтар өсіп-өнебейді, тіршілігін тоқтатады. Адамға керекті азық-түлікті (сүт, ет, май т. б.) шілде айларында салқын жерде, холодильникте сақтайтын себептері осыдан. Сүттің іруі, еттің шіруі оларға түскен микробтың әсерінен.

Біз бұл әңгімемізде микробтар жайында қысқаша түсінік беруге тырыстық. Ендігі әңгімемізде кейбір микробтар жайына баян етпекпіз.

Е. Оразақов.

Медицина ғылымының кандидаты.

ретке түсірілген кезде оған күн сәулесі дұрыс түсіп тұрған болса, сурет айқын шығады. Сондықтан сәуленің қалай түсуі керектігін таңдай білу шарт. Қандай нәрсе суретке түсірілсе де, осы кезде оған сәуле бір бүйірден түсіп тұратын болсын. Айталық, сен жоғарыда айтқан үйді суретке түсіргелі тұр екенсің, сонда күн сәулесі осы үйге бір бүйірден түсіп тұруы тиіс. Сонда үйдің сәуле түскен жағы жарық та, басқа жағы сәл көлеңкеленіп тұрады. Мекен немесе бір топ адамды суретке түсіргенде де осындай шарт қойылады. Ал, егер адамды бөлме ішінде суретке түсіретін болсаң, онда оны терезеге сәл қырын отырғыз. Көлеңке жағындағы қабырғаға ақ мата немесе газет керіп қоюға болады. Бұлыңғыр күнде сурет анық шықпай, күңгірттеніп кетеді. Ондай суретте жандылық, жарқындық сезілмейді.

Күн ашықта да, бұлыңғыр күнде де — барлық жағдайда бірдей сапалы сурет түсіре алу үшін бұған ұзақ жаттығу, үйрену керек және суреткерлік түйсік болуы қажет. Мыналарды біліп ал: терезеден күн сәулесі тіке түсіп тұрса, суретте адамның бет әлпеті дәл шықпайды. Аулада немесе көшеде сурет түсіргенде, ең қолайлы болатын уақыт: жазда таң ертеңгі сағат 8 бен 11 дің арасы, түстен кейінгі сағат 3 пен 6 ның арасы.

Тал түсте сағат 12 ден 2 ге дейінгі аралықта суретке түсірмеген жөн. Өйткені бұл кезде күн сәулесі тік түсіп, көлеңке қою болады, сондықтан суретке түскен адамның бет әлпеті дәл шыға қоймайды.



СУРЕТКЕ ТҮСІРУ

Объектіні қай жерден тұрып суретке түсіру керектігін таптың, одан соң оны фокуске дәл түсірдің делік. Енді объективті тиісті диафрагмаға қою керек. Бұл — суреттің неғұрлым анық шығуы үшін қажет. Диафрагманы неғұрлым жыйыра түссең солғұрлым сурет айқын шығады. Мысалы табиғат жер көріністерін, оған қоса солардың бергі тұсында тұрған адамдарды суретке түсіргенде, аппаратты мейлінше жыйыра диафрагмалау керек. Мұндай жағдайда диафрагмаламастан суретке түсірсе, жақын тұрған адамдар суретте айқын шығады да, табиғат көрінісі күңгірттеніп кетеді, кейін бұған керісінше шығады.

Осы айтылғандардың бәрін орындағаннан соң аппараттағы пленканың бос кадры қойылған-қойылмағанын қарайсың (бос кадры әзір тұрсын), диафрагмалайсың, шаппаны (затвор) қайырасың. Аппараттың ішіндегі пленканың қаншалықты сезгіштігін білесің. Сондықтан сурет түсіргенде шаппаны қандай шаппаңдықпен босатып жіберу ке-

ректігің анықта. Содан кейін сырт еткізіп шаппаны басып қал. Қозғалмайтын нәрселерді, мәселен, тұрған топ адамды және басқаларын кідіріс жасап түсіруге болады. Жүріп келе жатқан адамды суретке



түсіргенде 1/25, 1/50 сек., жүгіріп келе жатқан адамды 1/200 сек. кідіріспен түсіресіңдер. Егер жүгіріп бара жатқан адамды немесе велосипедшіні оның бір бүйірінен қарап тұрып суретке түсіретін болсаң, аппаратты оның бағытынан айырмай қозғап отырып ыңғайлы бір мезетте аппараттың шаппасын басып қал. Мұндайда қандай кідіріс жасау керектігін анықтау үшін экспонометрді пайдалан. Оны сатып алуға болады. Экспонометрдің бағасы 2 сом 60 тыйын.

Кідіріс жасап сурет түсіргенде штатив (үш аяқты тұғыр) пайдаланылады. Аппарат соның үстіне орнатылады. Ал, қозғалып бара жатқан нәрселерді суретке түсіргенде аппарат әрдайым қолда ұстап тұрылады.

П. Редько.

ІНІМ МЕНІҢ

Шешіліп інім бүгін сыр ақтарды,
Не нәрсе ойын бөліп шыдатпады.
Өзінше шеше алмаған, түсінбеген,
Берді ол «қыйын-қыйын» сұрақтарды.
Көзінде айтшы деген жалыныш бар,
Секілді есітуге жаны құштар.
Арқалап зеңгір көкке ұшатұғын,
Қазір де бар ма сондай алып құстар?
Бөлмеймін оның ойын, тыңдай берем,
Қанаты қатаймаған жырдай көрем.
Білуге құмарлығы артқан сайын,
Кеудемде жалын атып тулайды өлең.

— Айтсаңшы, айтшы,— дейді,

— Аға, шын ба?
Жолда олар соқтықпай ма таулы шыңға.
Мініп ап алып құстың нығына.
Бола ма қазір енді айға ұшуға? —
Анырып маған қарап көпке дейін,
Дегендей айтпасаныз өкпелеймін.
Жеткенше шама-шарқым сәби тілмен
Жанына сенім суын сепкендеймін.
Соңғы ойлар күш-жігерін тасытқандай,
Түсседі ажарлана ашық маңдай.
Ойнақшып отты көзі күлімдейді,
Ертеңге, айға ұшуға асыққандай...

Қ. ДӘРІБАЕВ.

МЕН ПОШТАБАЙ, ПОШТАБАЙ

Мен поштабай, поштабай,
Хат тасыймын демалмай.
Аларша мен Ақшабат —
Барар жерім бірталай.
Мен поштабай, поштабай,
Сен үлкен, сен жас демей,

Еркін кіріп барамын.
Ерке өскен баладай.
Газет берем, хат берем,
Не түйіншек зат берем,
Күлкі берем, күш берем,
Көз жас емес, бақ берем.

Кең өлкеме жыйылған,
Рақат та менікі.
Кең өлкеме сыймаған.
Махаббат та менікі.
Күлкі елдің еншісі,
Мен поштабай елшісі.

Халқыма тиген бақытты,
Үлестірем жаз-қысы.

А. Османов.

Қырғызшадан аударған
Ә. ДҮЙСЕМБИЕВ.


ШОТА РУСТАВЕЛИ

Грузин халқының ұлы ақыны Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» деген поэмасы — дүние жүзі әдебиеті мен мәдениетіне қосылатын асыл қазнаның бірі. Поэманың авторы XIII ғасырдың бас кезінде өмір сүрген. Сол поэма қазір қазақ тіліне аударылып жатыр. Біз содан бір үзінді жариялап отырмыз.

НЕСТАН-ДАРЕДЖАННЫҢ ТАРИЭЛДЫ ХАТАВТАРДЫ БАСУҒА ЖІБЕРУІ ТУРАЛЫ.

Баяғыда жеті патша
Үндістанды билепті.
Өзге алтауы Фарсаданды
Әміршіміз сол депті.
Жетінші боп тақта отырған
Әкем сыймен барса оған.
Әмірбар ғыш қойыпты оны,
Көңлі түсіп Фарсадан.
Даналардың ортасында,
Мен сарайда тұрғанда
Фарсаданның көркі гүлдей
Сұлу қызы туғанда,
Арыстанды жалғыз қолмен
Жаньшатын әлді едім.
Сом тұлғалы жас жігіт ем,
Жүзім айдай, әрлі едім.
Әкем өлген баяғыда —
Мен ем бұл кез Әмірбар.
Патша қыздың Хатавтарды
Атауының мәні бар.
Бізге бермек салықтарын
Бастартты олар төлеуден.
Тартқызбаққа сазайларын
Патша ызамен түнерген.
Көп әскерді жасақтадым
Хатахтиге аттадым.
Алдымнан жау арсыз, залым
Құрып бақты қақпанын.
Сыйлық жолдап патша Рамаз

Елшілерін қайрапты:
«Қарсы шығар біз жоқ деңдер
Тариэлге айбатты.
Оқ шығармай берілеміз.
Құлдарыңбыз мына біз —
Әмір етсең немен болсын,
Күнамызды жуамыз.
Таратқызып әскерлерін,
Тариэлмен келіңіз.
Бар дәулетті берем — сол ғой
Кіназы өтер жөніміз»
Жауап бердім патшасына,
Арам ойын ұғынып:
«Қан төгуді тілемеймін,
Рамаз, бекер ұрынып.
Фарсаданға бағынуды
Тілесек шын пейілмен,
Келем саған өз досым деп,
Қор қылмаймын сені мен».
Үш жүз өжет батырымды
Қалың қолдан мен бөлдім.
Сауыт-сайман бердім дағы,
Рамазға жөнелдім.
Өзге әскерге әмір еттім,
Жансыз еріп жүруге.
Тасада әзір болыңдар деп
Ұрысқа кілт кіруге.
Бір қырқаға шыға келсем,
Жалғыз өзім салтатты.



Көміп жерді қоп-қою шаң,
Орап апты жау жақты.
Бұл Хатавтар келе жатқан
Сұмдық сақтап көңілге.
Құр қол бізді матап алып,
Апармақшы еліне.
Сезіп оңай жеңісіне
Дұшпан қарсы келеді:
Анадайдан шықты түтін
Бұл бір шартты белгі еді.
Оңнан, солдан анталасып
Қойды маған жау бетті.
Садақтар да басты әніне,
Әне, бір жау жалп етті.
Қалың қолдың ортасында
Үсті-басты қан басып,
Жайпай бердім оңды-солды
Атойладым, айқасып.
Аттарының жалын құшып
Кетті кейі салақтап.
Мен беттесем, мен тап берсем,
Зытты бәрі далақтап.
Ымырт жақын, кеш таянды
Бұлт ішіне күн кіріп,
Хатав-сақшы жар салды да,
Кетті жау жақ дүрлігіп.
Алыс беттен жасақтарым
Қара бұлттай қаптады.
Дабыл ұрды, шаң бұрқырап,
Жүйткіп белді аттары.
Быт-шыт болып қашты бәрі
Жауда үрей қалмады.
Патша Рамаз атын төпеп,
Артына көз салмады.
Ат үстінен қағып түстім
Қуып жетіп оны мен.
Залым патша сол айқаста
Тұтқындалды қолыммен.
Әдетіме тағы бастым —
Жаудың жынын қақтым мен.
Нелер асыл олжаменен
Отаныма қайттым мен.
Зубәржат пен мата, інжу —
Қазына әсте көп болды.
Кете бардық туған елге,
Мың түйеге жүк толды.
Жалт-жұлт еткен бір матадан
Таңдап сәлде киген ем.
Ажалды жан әлі күнге
Атын оның білмеген.
Тоқыған кім біле алмадым,
Ғажап еді түрі оның —
Оттан шыққан темірге ұқсап,
Ұшқын атқан жібі оның.
Патша мені қастерледі,
Дархан тойлар ұласты.
Жұрт кессін көтере ұстап,
Нәзік сазды тыңдасты.
Ән төгілтті музыканттар,
Бірге отырды жар дағы,
Бағы жанып мээ-мәйрам боп,
Менен көзін алмады»

Орысшадан аударғандар:

М. Әлімбаев,
І. Мәмбетов.

*Бетім құбысқы болса,
АЙНАҒА ӨКПЕЛЕМЕ!*



ОЙЫНБЕК

— Қандай қызық ойын, — деп,
Допты қуды Ойынбек.
Уақытты өткен білмеді,
— Шынығу ғой бұл, — деді.
Жетекке алды Бобикті
Мұны «серуен» деп ұқты.
Бірін-бірі ұнатты.
Бірін-бірі қуантты.
Велосипед үйдегі,
Оны аулаққа сүйреді.
Мінді дағы жөнелді,
«Үлкен кісі» ол енді.
Інісімен жолықты.
Іні жайын ол ұқты.
Барды ертіп киноға
— Зерікті, — деп, — үйде о да.
Бірақ, міне, мектебі,
Мұны мақтан етпеді.
Келе жатты өкініп,
— Неге алдым, — деп, — екілік.
Ыржақтайды кейде «екі»
— Көп ойнама — дейді «екі»

НАН ОРНЫНА ШЫЛЫМ...

— Мұрат тағы бес сомға
Бір-ақ бөлке келді ме?
— Апа, тұз көп қосқан ба,
Ап-ауыр ғой көр, міне.
— Мені алдауды ойламай,
Айт жаныңның барында.

— Сатушы жеп қойған ғой, —
Күбірледі тағы да.
Ақтарды ана қалтасын
— Шығарамын шынын, — деп.
Наннан түскен ақшасы
Қалтада жүр шылым боп.

М. Жаманбалинов.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х.,
Ибраева А., Иманжанов М., Ыдырысов Р. (редактор), Қыйрабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор М. Фум.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 79, редакция журналы «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 24/IV—1956 г. УГО2047. Бум. 84×108¹/₁₆—0,75 бум. 2,46 т. л. Тираж 28317 экз.
Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 575.



Дешаныс УАҚЫТЫНДА



АРХИМЕДТІҢ ЗЕРГЕРДІ ӘШКЕРЕЛЕУІ.

Сиракуз Гиерон дейтін патша бір зергерге таж соқтыру үшін алтын береді. Таж әзір болған кезде зергер оны несіне табыс етеді. Тажды өлшегенде салмағы зергерге берілген алтынның салмағымен бірдей болып шығады. Алайда, ел арасында, зергер патшаны алдап, алтынға күміс қосты деген өсек тарайды. Мұның өтірік, шынын білу патшаға қыйынға соғады. Ақырында патша, мүмкін, бұған ғалымның зирек зейіні жетер деп, бұл жайды Архимедке айтады.


Архимед зергердің ұрлығын әшкерелейді және оның алтынға қанша күміс қосқанын да ашып береді. Архимед бір кесек алтын, бір кесек күміс алып, олардың әрқайсысының салмағын таждың салмағымен теңейді. Сонан кейін ғалым сауытқа су құйып, оның ішіне алтынды батырады, әрине сауыттағы су онан біраз жоғары көтеріледі. Одан соң суға күмісті батырады, су алтын батырғаннан әлдеқайда көп жоғары көтеріледі. Кесек күмістің көлемі кесек алтынның көлемінен үлкен екені анықталады. Тажды суға батырып байқағанда, су күміс батырғаннан кем, ал алтын батырғаннан едәуір жоғары көтеріледі. Міне, осыдан зергердің тажды таза алтыннан соқпағаны анықталып қалады. Судың көтерілуін бақылау арқылы Архимед зергердің қанша алтын ұрлағанын ашып береді.

Бұл қызық оқыйға Архимедтің табиғаттың маңызды бір заңын ашуына түрткі болған. Осыдан кейін терең зерттеу жүргізе келіп, ұлы ғалым сұйықтыққа батырылған қатты зат, сол зат көлемі мөлшерінде сыртқа тепкен сұйықтықтың ауырлығындай салмағын жояды деген ереже шығарады.

ОЙЛАСАҢ ТАБАСЫҢ.

Бұл 1925 жылы болған. Онда мен пионер болатынмын. Жолдасымыздың туған күні тойында отырып біз оның неше жаста екенін сұрадық. Ол: «Туған жылымның цифрларының қосындысы менің жасыма тең» деп жауап берді. Ал, шешіп көріңіздерші!

КРОССВОРД



Тігінен:

1. Халықтық демократиялық республика. 3. Балық. 4. А. Гайдар шығармасының кейіпкері. 6. Жер сыртындағы кеңістік. 7. Табиғат құбылысы. 10. Батыр пионер. 11. Гогольдің шығармасы. 12. РСФСР-

дағы қала. 16. Капиталистік мемлекеттің астанасы. 17. Тыныс азығы. 18. Адам мүшесі. 19. Туыс. 23. Жыртқыш аң. 24. Кавказдағы өзен. 28. Азиядағы тау. 29. Пән аты. 32. Дәнді дақыл.

Көлденеңінен:

2. Поэзияның түрі. 5. Қыйыр шығыстағы арал. 8. «Ботакөз» романының басты кейіпкері. 9. Спорт сыйлығы. 13. Қазақтың тұңғыш ғалымы. 14. Планета. 15. Ұлт. 20. Ә. Әбішевтің «Жас түлектер» романының кейіпкері. 21. Орыс халқының атақты суретшісі. 22. Құс. 25. Үй жануары. 26. Тау жынысының бір түрі. 27. Орыс халқының атақты жазушысы. 30. Бауырымен жорғалайтын жәндік. 31. Азиядағы тау. 33. Жер орта теңізіндегі арал. 34. Қатты тау жынысы.

Құрастырған С. Досов.
Қазғудың студенті.

ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1956 жылғы 3-номеріндегі кроссвордтың, ребустың, криптограмманың және жұмбақтардың жауаптары.

«КРОССВОРД» КӨЛДЕНЕҢІНЕН:

5. Симферополь. 6. Нева. 7. Орал. 12. Горький, 15. Соқпак. 16. Аламан. 19. Албания. 22. Уран. 23. Баку. 26. Севастополь.

ТІГІНЕН:

1. Офицер. 2. Грек. 3. Арал. 4. Балқаш. 8. Лимонад. 9. Ара. 10. Ока. 11. Ботакөз. 13. Апа. 14. Қаз. 17. Обь. 18. Ана. 20. Ургенч. 21.

СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

... Тұңғыш фотоаппарат 1840 жылы жасалған. Ол аппараттың алдында суретке түсетін кісі қыймылсыз 20 минут отыруға тиіс болған.

... Велосипедтің шыққанына 155 жыл болды. 1801 жылы Урал қаласының шаруасы Артамонов Верхотурьядан Москваға шейінгі екі мыңнан астам шақырым жерді екі дөңгелекті «Самокатпен» жүріп өткен. Осы кездегі велосипед сол Артамоновтың өз қолымен жасаған

Чкалов. 24. Есіл. 25. Соқа.

«РЕБУС»

«Сабыр түбі — сары алтын»

«КРИПТОГРАММА»

«Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар қалан».

(Абай)

1. Қ. Мәдиевтің жұмбағының шешуі: Сона

II. Ш. Қайыржановтың жұмбағының шешуі: Балық.

Жауабын бірінші жібергендер: Н. Баймбетов (Жамбыл облысы), М. Асауова (Семей қаласы), П. Қошқарбаев (Ақтөбе облысы),

самокаттың үлгісімен шығарылады.

Дүние жүзіндегі ең шебер тоқушы — өрмекші. Ол жіпті тым жіңішке иіре біледі. Оның 150 грамм жібі жер шарын (40 мың километр) белдеулеп бір орап алуға жетеді.

...Жираф алты ай бойы су ішпей жүруге шыдайды.

... Ракета осыдан екі мың жыл бұрын бірінші рет Қытайда шығарылған.

